2 Байқоңырдың бүгіні мен болашағы



8 Жылыжайда жауқазын жайқалып тұр









# Сыр бойы

№27-28 (21102-21103) 21 ақпан, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


ПРЕЗИДЕНТ



## БЕЙБІТ ӘЛЕМГЕ БІРЛЕСКЕН ҚАДАМ

### БІЛІМДІГЕ КЕҢ ӨРІС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-қа сапары аясында алдымен осы елде тұратын және білім алып жүрген Қазақстан азаматтарымен кездесті.

Әңгімелесу барысында Президент өскелең ұрпаққа үлкен үміт артатынын айтты. Сондай-ақ мемлекет жастарға ұдайы қолдау көрсетіп, олардың жан-жақты дамуына және қабілет-қарымын ұштауға қолайлы жағдай жасайтынын жеткізді.

Мемлекет басшысы наурыз айында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасы бойынша өтетін жалпыхалықтық референдумның ел болашағы үшін тарихи маңызы зор екеніне назар аударды.

Студенттер мен жас зерттеушілер ғылым және білім саласына жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылық білдірді.

### БЕЙБІТШІЛІК НЕГІЗІ НАҚТЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Вашингтон қаласында өткен Бейбітшілік кеңесінің алғашқы отырысында сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы саммитке қатысушыларға ілтипат білдіріп, осы тарихи іс-шараны ұйымдастырғаны үшін АҚШ Президенті Дональд Трампқа алғыс айтты.

– Дональд Трамп атындағы Бейбітшілік институтында өтіп жатқан кездесуіміз батыл әрі прагматикалық әрекеттер шешуші рөл атқаратын кезеңмен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл – түпкі мәні игі тілекке ғана негізделген қарар қабылдайтын конференция емес, керісінше, нақты әрі мақсатты шаралар арқылы бейбіт әлем құруға үлес қосатын жиын. Президент мырза, Сіздің жаһандағы бейбітшілік пен тұрақтылықты ілгерілетуді көздейтін айқын мұратыңыз бен көреген қадамдарыңыз еліміздің Бейбітшілік кеңесіне қосылуына түрткі болды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Бейбітшілік кеңесі көпжақты күш-жігердің әлеуетін арттыратын, заман талабына сай ұйым деп санайды.

– Әлемде мұндай бастама көтерілген жоқ. Расында, бұл бұрынсоңды болмаған бетбұрыс. Өйткені бірге күш-жігер жұмылдырудың арқасында «Жасампаздық арқылы бейбітшілік» атты жаңашыл тұжырымдаманы немесе жобаны іске асыруға барлық мүмкіндік бар. Сондықтан, Президент мырза, Сіздің нақты іс-әрекет қана бейбітшілікке берік негіз қалайды деген ұстанымыңызды толық құптаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміз Газа секторындағы ахуалды тұрақтандырып, аймақты қалпына келтіру жұмыстарына атсалысуға дайын екенін жеткізді.

– Қазақстан іскерлік және кәсіби беделі жоғары деңгейдегі халықаралық компанияларды тарта отырып, аймақты қайта қалпына келтіру және құрылыс жұмыстарына қатысуға ниетті. Бұл бағдарлама бойынша инфрақұрылым жасақтауға, үйлер мен тұрғын үй кешендерін, мектептер, ауруханалар және басқа да маңызды әлеуметтік нысандарды салуға болады.

2-бет

## САЗ ӘЛЕМІНІҢ САҢЛАҒЫ

Биыл Сыр бойының саңлақ перзенті, қазақ музыка өнерінің көрнекті тұлғасы, композитор, ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, «Құрмет» «Парасат» ордендерінің иегері Кеңес Дүйсекеевтің туғанына 80 жыл толды. Өнер иесінің өміршең туындылары қазақтың ән әлемінде әлі күнге үздіксіз қалықтап келеді. Соның жарқын көрінісі, туған жерінде «Саз әлемінің саңлағы» тақырыбында композиторды еске алуға арналған үлкен концерт өтті.




3-бет

ӨРКЕН

## СЫР МЕДИЦИНАСЫ: ЗАМАНАУИ КЕЛБЕТ, САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттің басты байлығы – адам десек, ұлттың саулығын жақсарту арқылы биік мақсатқа жету барша дамыған елдер ұстанған басты бағыт. Кейінгі жылдары Сыр еліндегі тың серпін, толымды табыстар туралы республика көлеміне аз айтылып жүрген жоқ. Расында қала келбетіне көрік қосатын зәулім де заманауи құрылыстар, әлеуметтік нысандар көңіл қуантады. Соның ішінде медициналық жаңа ғимараттардың бірінен соң бірі бой көтеріп, ел игілігіне берілуі – ғанибет.

Аптаның бейсенбі күні қызылордалықтар үшін үш бірдей денсаулық сақтау нысанының іргетасы қаланып, бір медициналық орталық ашылған айтулы күн болды. Бұл іс-шараларға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары арнайы қатысты.






### ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ОРЫНДАЛҒАН КҮН

Алдымен Қызылорда қаласының шет аймағы саналатын Титов қыстағында 400 орындық жаңа емхананың іргетасын қалау рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа нысан құрылысының басталуымен құттықтап, денсаулық саласындағы атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Мемлекеттің ең басты байлығы – адам, адамдағы байлықтың негізгісі – денсаулық. Деннің саулығы – мемлекеттің дамуы мен өркендеуінің арқауы.

Президентіміздің әлеуметтік саясаттағы басым бағыттарының бірі де – халыққа қолжетімді әрі сапалы медициналық қызмет ұсыну. Бүгін біз Қызылорда қаласы үшін, соның ішінде Титов мөлтек ауданының 40 мыңнан астам тұрғыны үшін аса маңызды, тарихи сәттің басында тұрмыз.

Ауысымына 400 келушіге арналған №5 қалалық емхананың жаңа ғимаратының іргетасын қалау рәсіміне куә болуға жиналдық. Жалпы 9 млрд 823 млн теңгеге салынатын жаңа емхана ғимаратының аумағы 9 мың шаршы метр, заманауи талаптарға сай жоғары сапалы технологиялармен жабдықталады.

Бұл – ана мен бала өмірін сақтауға, қазыналы қарттарымыздың денсаулығын жақсартуға бағытталған мемлекет қолдауы. Алдағы уақытта да өңір халқының өмір сапасын арттыруға арналған кешенді жұмыстар жалғасады, – деді облыс әкімі.

Іс-шарада Ақмарал Шәріпбайқызы елде тұрғындардың саулығын сақтау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, қызылордалықтарды құттықтады.

– Құрметті жерлестер, бүгін бірнеше нысанның іргетасын қалаймыз. Бұл – халыққа көрсетілетін медициналық қызметтің қолжетімділігін, сапасын арттыруға арналған Мемлекет басшысының ең басты тапсырмасы. Кейінгі үш жылда республика көлемінде 800-ден аса жаңа ғимарат бой көтерді. Соның 655-і ауылдық жерлерде салынды. Бұл жұмысты игеруде Қызылорда облысы алғашқылардың бірі болып нәтиже көрсетті.

Сонымен қатар былтыр республикалық деңгейде үш ұлттық мекеме тапсырылды. Оның біреуі – ұлттық онкологиялық протондық орталық. Протондық орталық бойынша біз әлемдегі 25 мемлекеттің ішіне ендік. Себебі мұндай орталық ТМД елдерінің ішінде екеу ғана, біз Ресейден кейін үшінші болып қосылдық. Ал Орта Азиядағы жалғыз елміз.

Сонымен қатар, шұғыл медициналық қызмет көрсететін орталық ашылды. Ал үшіншісі – республикалық жұқпалы аурулар ауруханасы. Пандемиядан кейін бұл орталықтың маңызы зор.

Біздің еліміз жас мемлекет. Туу көрсеткіші маңызды. Сондықтан Президенттің тапсырмасы бойынша республикада 8 перинаталдық орталық салынуы тиіс. Соның бірі осы Қызылорда қаласында қолға алынады. 10 облыстық балалар ауруханасы салынады.

Денсаулық сақтау саласының ең басты көрсеткіші – тұрғындардың орташа өмір сүру ұзақтығы. 2024 жылдың қорытындысында 75 жас 4 ай, былтыр 75 жас 8 айдан асты. Өлім көрсеткіші 2 пайызға, нәрестелер шетінеуі бір жылда 16 пайызға төмендеді. Осының барлығы – тұрғындардың денсаулығын жақсарту үшін, медициналық қызмет сапасын, қолжетімділігін арттыру үшін жасалып жатқан жұмыстар. Бүгінде Сыр елінде барлық салада жаңғыру болып жатыр. Аймақтағы қарқынды даму, өсіп-өркендеу басқа облыстарға үлгі ретінде көрсетілуде. Президентіміз жоғары бағасын берді. Мұның барлығы – облыс әкімінің ерен еңбегінің жемісі, – деді министр.

Шарада сонымен қатар Мархабат Жайымбетұлы құттықтау сөз алып, Қызылорда облысының құрметті азаматы Тұрғанбай Маханұлы бата берді.

Айта кетейік, 2022-2025 жылдары өңірде 26 млрд 400 млн теңгеге 40 медициналық нысан салынып, пайдалануға берілген. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен 10 млрд 700 млн теңгеге бой көтерген 28 нысан бүгінде халық игілігіне айналды. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмек көрсету үшін 9 млрд 900 млн теңгеге 6 жоба іске асырылды.

3-бет



Валюта бағамы: $ 489,17 kzt | € 576,63 kzt | ₽ 6,38 kzt

Ауа райы: Сенбі $+7^0$ $+1^0$ | Жексенбі $+9^0$ $-1^0$

№27-28 (21102-21103) 21 ақпан, сенбі 2026 жыл

# БЕЙБІТ ӘЛЕМГЕ БІРЛЕСКЕН ҚАДАМ

Әлемдегі ең ірі бидай өндірушілердің бірі саналатын еліміз Газа мен одан тысқары жерлердегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін гуманитарлық көмек көрсетуге дайын. Қазақстан палестиналық студенттердің университеттерімізде білім алуы үшін бес жыл бойы 500-ден аса оқу грантын бөлуді жоспарлап отыр. Біз халықаралық деңгейде мойындалған электрондық үкімет саласындағы тәжірибемізбен және басқа да цифрлық шешімдермен бөлісе аламыз. Қазақстан Халықаралық тұрақтандыру күштерін қолдауға әзір. Яғни далалық госпиталь құру үшін бір топ медицина маманын, сондай-ақ Азаматтық-әскери үйлестіру орталығына бақылаушылар жіберуге даяр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Таяу Шығыстағы орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін аймақта бейбітшілік пен ынтымақтастықты, өзара сенімді нығайтуды көздейтін жаңа тәсілдер қажет.

– Аталған ұстанымға арқа сүйей отырып, Қазақстан Ибраһим келісімдеріне қосылу жөнінде шешім қабылдады. Осылайша, біз аймақта және одан тысқары жерлерде прагматикалық экономикалық әрі гуманитарлық ынтымақтастыққа үлес қосамыз. Бұл Бейбітшілік кеңесінің ізгі мұратына толық сай келеді, – деді Президент.

Кеңестің жаһандық күн тәртібін ескере отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда түрлі деңгейдегі кездесулер өткізу арқылы бұл бастамаға нақты қолдау көрсетуге дайын екенін растады.

– Сонымен қатар Бейбітшілік кеңесі аясында Президент Трамп атындағы арнайы награданы бекітуді ұсынамын. Бұл – оның бейбітшілікті ілгерілету ісіндегі ғаламат жетістіктеріне көрсеткен құрметіміз болмақ. Сіздің тегеурінді әрі көреген басшылығыңызбен Кеңес өзінің тарихи ізгі миссиясын абыроймен атқаратынына сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Дональд Трамп өз сөзінде Газадағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге және қалпына келтіруге атсалысқаны үшін Бейбітшілік кеңесінің алғашқы отырысына қатысушыларға шынайы ризашылығын білдірді. АҚШ Президенті Кеңеске қатысушы елдердің басшыларын таныстыру барысында Қазақстанды керемет әрі бай ел ретінде сипаттады.

Дональд Трамп Саммитке келген мемлекеттер басшыларын шешімтал әрекеттері арқылы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға, халықаралық диалогті дамытуға елеулі үлес қосқан нағыз жаһандық ауқымдағы көшбасшылар деп атады.

Жоғары деңгейдегі іс-шара барысында Бейбітшілік кеңесінің атқарушы органдарының мүшелері баяндама жасады. Жиынға қатысушыларға Газа секторын қалпына келтіру, соның ішінде инфрақұрылымды дамыту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халықаралық қаржыландыру жоспары таныстырылды.

Жоғарғы атқарушы кеңестің мүшесі Джаред Кушнер Газаны дамытуға арналған бас жоспар туралы мәлімет беріп, аймақ тұрмыс-тіршілікке және экономикалық өрлеуге қолайлы жағдай жасайтын заманауи кеңістікке айналуға тиіс екенін атап өтті.

Дүниежүзілік банк төрағасы Аджай Банга Бейбітшілік кеңесінің қаржы механизмдері ашықтыққа және қаржыны нақты мақсаттарға бөлу қағидаттарына негізделетінін жеткізді.

Ал Халықаралық тұрақтандыру күштерінің жетекшісі, генерал Джаспер Джефферс Газадағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету шаралары жөнінде айтты.

Газаны басқару жөніндегі ұлттық комитеттің басшысы Али Шаат қайта қалпына келтіру жұмыстарын үйлестіру және халықаралық серіктестермен ықпалдастық тәсілдерін ұсынды.

## ҚАЗАҚСТАН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАТУҒА ӘЛЕУЕТТІ

АҚШ-қа жұмыс сапары аясында Президент U.S. International Development Finance корпорациясының (DFC) атқарушы директоры Бен Блэкті қабылдады.

Беделді халықаралық қаржы институты басшысымен кездесуде инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту және бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективасы талқыланды.

***

Мемлекет басшысы сондай-ақ, Boeing компаниясының атқарушы вице-президенті Джефф Шоккиді қабылдады. Мұнда авиация, қорғаныс және ғарыш техникаларын шығаратын Boeing трансұлттық корпорациясының басшылығымен кездесу болды.

Президент отандық Air Astana, SCAT және Vietjet Qazaqstan компаниялары еліміздегі авиация саласын дамытуда ерекше маңызға ие ортақ жобаларды одан әрі ілгерілетуге мүдделі екенін атап өтті. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Air Astana мен Boeing арасында ұшақ жеткізу бойынша келісімге қол қойылғанын құптады. Биыл жыл соңына дейін Құрама Штаттарға тікелей әуе қатынасын ашу мақсатында Boeing 787 Dreamliner ұшақтары елімізге жеткізіледі деп жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, SCAT әуе компаниясы қосымша Boeing ұшақтарын сатып алмақ. Сондай-ақ америкалық корпорациямен серіктестік негізінде Шымкент әуежайында алғашқы техникалық қызмет көрсету және жөндеу орталығын ашу мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

Джефф Шокки компанияның цифрландыру саласындағы жоспарымен бөлісіп, Қазақстанның көлік-транзит әлеуетіне жоғары баға берді. Оның айтуынша, әуемен жүк тасымалдау бағытында нәтижелі ықпалдастық орнатуға мүмкіндік мол.

Кездесу барысында авиация саласына маман даярлау және еліміздегі жүк тасымалдаушы ұшақтар паркін дамыту перспективасы талқыланды.

***

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ashmore Group халықаралық инвестициялық компаниясының басшысы Марк Кумбсты қабылдауда өзара тиімді бірлескен жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады.

Президентке Ashmore Healthcare International компаниясы мен «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-ның бірлесіп, Қазақстанда халықаралық клиника салу жоспары жөнінде мәлімет берілді. Бұл бастамаға әлемдік деңгейдегі медицина операторы – Mount Sinai Health System компаниясын тарту көзделген.

Мемлекет басшысы Үкіметтің аталған маңызды жобаға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін айтты.

Марк Кумбс Қазақстан экономикасының стратегиялық секторларында ынтымақтастық орнату үшін зор әлеует бар екеніне назар аударды. Сонымен қатар экономиканың басымдыққа ие және жоғары технологиялы салаларын дамытуға бағытталған Ашық инвестициялық серіктестік бағдарламасы аясындағы ықпалдастық перспективасы жайында пікірімен бөлісті.

***

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Mars компаниясының бас атқарушы директоры Пол Вайраухты қабылдады.

Президент Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Mars компаниясы арасында жалпы сомасы 180 миллион долларға жуықтайтын инвестициялық келісімге қол қойылғанын құптап, бұл уағдаластық маңызды стратегиялық серіктестіктің бастауы саналатынын және Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастықтың деңгейі жоғары екенін көрсететінін жеткізді.

Жоба аясында Mars компаниясы Алатау қаласында үй жануарларына арналған азық өндіретін зауыт салады. Өндіріс орны агроөнеркәсіп шикізатын терең өңдеуге және қосылған құны жоғары тауар өндіруге септігін тигізеді.

Пол Вайраух өзара тиімді инвестициялық келісімді жүзеге асыруға қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Ол аталған бастама Mars компаниясының өндірістік әлеуетін кеңейтуге және Орталық Азия мен көршілес аймақтар нарығына өнім шығару көлемін арттыруға мүмкіндік беретінін мәлімдеді.

1-бет

# ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ



Суреттерді түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров, Еуропалық Одақтың Қазақстандағы елшісі Алешка Симкич, Еуро Одаққа мүше мемлекеттердің Қазақстандағы елшілерінің қатысуымен өткен дөңгелек үстел отырысында Қызылорда облысының инвестициялық әлеуеті талқыланды.

Аймақ басшысы өңірдің инвестициялық ахуалы мен экономиканы әртараптандыруда атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Өткен жылы Президентіміз Сыр өңіріне жасаған жұмыс сапарында инвестициялық климатты жақсарту, бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау бағытын жалғастыруды тапсырған болатын.

Бүгінде облыс экономикасын әртараптандыру арқылы жоғары өнімді, экспортқа бағдарланған шикізаттық емес өңдеу өнеркәсібін құру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылуда.

Өздеріңізге белгілі, бүгінде су ресурстары – тек Қазақстан ғана емес, Орта Азия мемлекеттері үшін де өте өзекті мәселе. Облыстың экономикалық, экологиялық жағдайы, халқының тыныс-тіршілігі Сырдария өзенінің деңгейіне, Арал теңізінің жағдайына тікелей байланысты.

Су ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізу, су жүйелерін цифрландыру – бүгінгі күннің басты талабы. Облыстың агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тартуда осы мәселелерге басымдық беріледі, – деді облыс әкімі.

Жиында Әлібек Қуантыров, Алешка Симкич, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, «Рока групп» серіктестігінің бас директоры Даниэль Эрнандес, «Харвест Агро» компаниясының жоба басшысы Дәулет Увашев пікір білдірді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Еуропалық Одақ мемлекеттерімен ашық әрі сенімді дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан. Бүгінде Қазақстан – Еуро Одақтың Орта Азиядағы негізгі инвестициялық және сауда-экономикалық серіктесі.

Қонақтар Қызылорда қаласындағы әлеуметтік нысандардың, Сырдария ауданының Бесарық елді мекеніндегі шағын өнеркәсіптік аймақтың жұмысымен танысты. Бұл сапар әріптестікті жаңа деңгейге шығаруға оң серпін бермек.




## «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛУІН ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы**

# МҮМКІНДІКТЕР САРАЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров және Еуропалық Одақтың Қазақстандағы елшісі Алешка Симкичпен кездесті. Кездесуде инвестиция тарту мәселесі талқыланды.

– Біз аймақтың экологиялық жағдайына ерекше мән береміз. Басты басымдықтардың бірі – Арал теңізінің экожүйесін сақтау, суды, соның ішінде трансшекаралық су ресурстарын тиімді басқару. Арал теңізінің апатты жағдайы тек өңірге немесе бір елге ғана емес, әлемге теріс әсерін тигізуде. Құм көшкінін тоқтатудың бірден-бір жолы – теңіз ұлтанын көгалдандыру, жергілікті климатқа сай өсімдіктерді егу. Бүгінде халықаралық қорлардың демеушілігімен Арал теңізінің құрғаған табанына сексеуіл егілуде.

Былтыр егін шаруашылығында су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі 8100 гектарға жеткізіліп, 2024 жылмен салыстырғанда 2 есе артты. Шетелдік компаниялардың қатысуымен су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы жүгері, техникалық қарасора, соя дақылдарын егетін 3 ірі жоба жүзеге асуда.

Тағы бір маңызды бағыт ретінде, 2024 жылы ашылған Орталық Азиядағы алғашқы геопарк атанған «Арал геопаркін» дамыту мәселесіне назар аударғым келеді. Бұл жоба өңірдің табиғи, тарихи, туристік әлеуетін дамыту арқылы орнықты экономикалық-әлеуметтік өсімге серпін береді.

Өткен жылы Қызылорда облысы «Арал геопаркін» ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік геопарктер тізіміне енгізу жөнінде өтінім берді. Арал өңірінде орнықты даму мен экологиялық туризмге бағытталған бастамаларды ілгерілетуде Еуро Одақтың қолдауына үміт артамыз,– деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, өткен жылы өңірге 774 млрд теңгеден астам инвестиция, 9 айдың қорытындысымен 205 млн АҚШ долларынан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылды. Экономиканы әртараптандыру бойынша алдағы үш жылда 1 трлн 900 млрд теңгеге 48 инвестициялық жоба іске асырылмақ. Биыл 100 млрд теңгеге бағаланған 21 жоба жоспарға алынған.

БРИФИНГ

# БАЙҚОҢЫРДЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Қазір Байқоңыр қаласында Қазақстан тарапынан көптеген іс-шара жүзеге асып келеді. Атап айтқанда, олардың қатарында мемлекеттік бағдарламалар аясында жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту, денсаулық және білім, мәдени және өзге мәселелер бар.



– Бүгінде Байқоңырда тұратын адам саны – 54,3 мың адам. Оның 71 пайызы Қазақстан, қалғаны – Ресей және өзге де елдердің азаматтары. Жұмыссыздық деңгейі 1,3 пайызды құрайды. Ғарыш саласы, Байқоңыр қаласы әкімшілігіне қарасты кәсіпорындар мен мекемелерде еліміздің азаматтығы бар 10 мыңға жуық адам еңбек етеді. Айта кетсек, мемлекеттік бағдарламалар аясында халықты еңбекке тарту мәселесі оңтайлы шешілген. Бұл үшін Қармақшы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, қалалық «Мансап» орталығымен тығыз байланыс орнаған. Былтыр 336 адам табыс көзін тапты. Сондай-ақ «Бастау бизнес» кәсіпкерлік негіздерін оқыған 19 тұрғынға 29,8 млн теңге қайтарымсыз грант берілді. Олар негізінен шаштараз қызметі, шағын баспахана ашу, таза су өндіру, дәрігерге дейінгі қосымша медициналық тексеру, жартылай фабрикат өнімдерін дайындау және өзге де кәсіп көздерін дамытуға көңіл бөлді, – деді облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Оның айтуынша, денсаулық сақтау саласы бойынша мемлекетаралық келісімге сәйкес, қалада қазақстандық және ресейлік медициналық ұйымдар халыққа қызмет көрсетеді. 2016 жылдан бастап Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасы науқастардың қажетті ем алуына қолайлы жағдай жасап отыр.

– Айта кетсек, қалада гемодиализ орталығының қызметіне жүгінетін азаматтар бар. Оларға қолайлы жағдай жасау үшін аурухана жанынан гемодиализ орталығы ашылған. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына орай медициналық қызметтердің сапасын одан әрі арттыру үшін емдеу орны жалпы құны 806 млн теңгені құрайтын заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді. Қаладағы 12 мектептің 5-еуі қазақстандық білім беру стандартын қолданады. Онда барлығы 4906 оқушы қамтылған. Еліміздің білім беру ұйымдарына қарасты 5 балабақшада 1100 бала тәрбие алып жатыр. Байқоңырда көппәтерлі 351 тұрғын үй бар. Тұрғын үй мәселесін шешу үшін облыс әкімдігінің қолдауымен «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 2019 жылы 50 пәтерлі 5 тұрғын үй ел игілігіне берілді, – деді Қайрат Ырзақұлұлы.

2019 жылғы 3 сәуірде қол қойылған «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы келісімге сәйкес, қаланың тұрғын үй қоры толық газға көшірілді. Оған қоса қала іргесіндегі Төретам және Ақай елді мекендері толықтай табиғи газбен қамтамасыз етілді. Байқоңыр қаласының әкімшілігімен «Байконурэнерго» жылу-электр орталығын мазуттан табиғи газға көшіру қолға алынып, бұл жұмыс 2027 жылы толық жүзеге асырылымақ. Облыс әкімдігінің қолдауымен «Байқоңыр қаласын сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қайта жаңарту» жобасы аясында 94,6 шақырым су құбыры және 84,6 шақырым кәріз желісін ауыстыру ойластырылып отыр.

– «Байқоңыр» кешенінің өзекті мәселелері бойынша шешімді талқылау және қабылдау жыл сайын Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссия отырысында қаралады. Комиссияның кейінгі отырысының бірінде бірқатар уағдаластыққа қол жеткізілді. Атап айтқанда, «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін құру» жобасын іске асырудың белсенді кезеңіне өтті. Қазір жерүсті технологиялық жабдықтарын жасау және жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Оны іске асыру үшін кешендегі 170 мың гектарға жуық жерді жалдан шығарып алу жұмысы аяқталып келеді. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жайылымдық жерлерді ұлғайту үшін іргелес елді мекендердің ауыл шаруашылығы қажеттілігіне пайдаланылмай тұрған жер учаскесін жалдан шығаруға мән берілуде. Ол шамамен 28 мың гектарды құрайды. Облыс әкімдігі мен қала әкімшілігінің қолдауы бойынша жыл бойы қаланың тыныс-тіршілігінің негізгі салаларында оң динамика сақталды, – деді Қайрат Ырзақұлұлы.

Әлемде «Байқоңыр» қала мен ғарыш айлағын біріктіретін, баламасы жоқ бірден-бір кешен ретінде бағаланады. Мұнда экономиканы әртараптандыру үшін туризмді дамыту басымдыққа ие. Еліміздің Туризм және спорт министрлігімен бірлесе отырып, кешенде туризмді дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді. Бұл үшін Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының шешімімен қазақстандық тараптан туристік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар айқындалды. Қазіргі уақытта ғарыш айлағының «Гагарин старты», «Гагарин беседкасы», динамикалық сынақ стенді, «Буран» монтаждау-жанармай құю кешені секілді тарихи нысандарға туристік маршрут ашылды.

– Байқоңырда ұлттық құндылықты насихаттау және дәріптеу ерекше маңызды. Еліміздің барлық ұлттық және мемлекеттік мерекесін жоғары деңгейде атап өтеміз. Былтыр ғарыш айлағы мен қаланың құрылғанына 70 жыл толуына орай мәдени іс-шаралар Үкімет деңгейінде жүргізілді. Байқоңырдың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан қызметкерлер мен ардагерлер мемлекеттік және ведомстволық наградалар алды. Облыс әкімдігі тарапынан мерейтой аясында жыл бойы облыстық және республикалық деңгейдегі мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылып, өнер ұжымдарының концерттік бағдарламалары мен түрлі спорттық жарыстар өткізілді, – деді облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай.

**Әділжан ҮМБЕТ,**
**«Сыр бойы»**

# СЫР МЕДИЦИНАСЫ:
# ЗАМАНАУИ КЕЛБЕТ, САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған аудандық көпбейінді ауруханалары жанынан қосымша құрылыстар, Шиелі мен Арал аудандарындағы жұқпалы аурулар бөлімшелеріне арнап жаңа ғимараттар салынды.

Жергілікті бюджет есебінен Жаңақорған ауданындағы Төменарық ауылында 15 төсектік ауылдық аурухана мен амбулатория, Арал ауданының Сексеуіл кентінде 40 төсектік ауылдық аурухана, облыстық қан орталығы пайдалануға берілді.

Іргетасы қаланған емхана – Титов тұрғындарының көптен күткен қуанышы. Мұндағы тұрғындар Гагарин қыстағындағы ескі, типтік емес ғимаратта орналасқан емханадан қызмет алып жүр. Құрылыс аяқталған соң жаңа, заманауи нысан ел игілігіне берілетін болады.

– Титов қыстағының тұрғындары үшін бүгін қуанышты күн болып тұр. Шынында осы сәтті көптен күттік. Қазіргі емханамыз Гагарин қыстағында орналасқан. Ескі, тар. «Бізге жаңа емхана керек» деген тілегімізді айтып келдік. Осы ұсыныс-тілегімізді ескерген облыс әкіміне, ел ағаларына алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді қыстақ тұрғыны Сәуле Омарова.

### ЖАҢА ШАҒЫН АУДАНҒА – ЖАҢА ЕМХАНА

Қызылорда қаласының сол жағалауы айрықша қарқынмен дамып келеді. Заманауи үлгідегі нысандар, спорт кешендері жаңа ауданның ажарын айшықтауда. Сол күні мұнда 500 келушіге арналған емхананың іргетасы қаланды.

Аймақ басшысы сол жағалауға қоныстанушылардың сұранысына сәйкес құрылысы басталған жаңа нысан тұрғындардың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыратынын атап өтті.

– Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен, жерлестеріміздің бекем бірлігінің арқасында байыпты бастамалар қолға алынып, ірі жобалар іске асырылуда. Денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру шаралары кешенді жүргізіліп келеді. 2022-2025 жылдары салаға 50 млрд 100 млн теңге қаржы бөлінді, 26 млрд 400 млн теңгеге 40 медицина нысаны салынып, пайдалануға берілді.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы белгіленген жоспарға сәйкес толығымен орындалып, 10 млрд 700 млн теңгеге салынған 28 нысан халық игілігіне қызмет етуде.

Жаңадан бой көтеретін емхана да шипа іздеген жандарға жылулық сыйлайтын орынға айналсын! Рамазан айы баршамызға құтты болсын! Оразаларыңыз қабыл болсын! – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Рәсімде Ақмарал Шәріпбайқызы, Мұрат Нәлқожаұлы құттықтау сөз сөйлеп, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері Асылбек Тоқмырзаұлы бата берді.

Айта кетейік, сол жағалауда бой көтеретін 500 орындық емхана тұрғындарға амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық медициналық қызмет көрсететін көпсалалы мекеме болады. Мұнда жалпы және акушерлік-гинекологиялық тіркеу, педиатрия, мамандандырылған және шұғыл медициналық көмек, профилактика және мектеп медицинасы бөлімдері қарастырылған. Сонымен қатар, нысан 50 төсектік күндізгі стационар, дәрілік қамтамасыз ету бөлімі, орталық стерилизация, кір жуу орны, медициналық қалдықтарды сақтау, оқу кабинеттері, 50 орындық аудитория, 200 орындық конференц-зал және инженерлік-техникалық инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етіледі.

1-бет



### КӨПБЕЙІНДІ АУРУХАНА ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев бір ауысымда 100 келушіні қабылдайтын емханасы бар 300 төсектік көпбейінді аурухананың (онкологиялық бөлімшесімен) құрылыс алаңына барып, жұмыс барысымен танысты.

Облыс тұрғындары үшін аса маңызды әлеуметтік нысан Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынуда. Аурухана құрылысы заманауи техникалық шешімдер ескеріліп жобаланған, ең озық технологиямен қамтамасыз етіледі. Диагностика және емдеу бойынша заманауи стандарттарға сай келетін жоғары технологиялық инновациялар енгізіледі, бұл медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттырады. Осылайша Қызылордада шетелдік клиникалардан еш кем түспейтін заманауи медициналық кешен пайда болады.

«Мелиоратор» серіктестігі қолға алған жобаға 36 млрд 416 млн теңге қаржы қаралған. Бұл – аймақтағы халықаралық стандарттарға сай, ең ауқымды жобалардың бірі. Аумағы 57 мың шаршы метр, 7 гектар жерге орналасқан. Нысан 10 блоктан тұрады: емхана, пансионат, конференц-зал, асхана, физиотерапия, қабылдау бөлімі, әкімшілік, реанимация, химиотерапия және радиотерапия, операциялық бөлім.

Құрылысы екі жыл бұрын басталған ғимаратты салу барысында осы уақытқа дейін 21 млрд теңге қаражат игеріліп, жұмыстың 70 пайызы еңсерілді. Қалған 16 млрд теңге осы жылы республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген. Қазіргі таңда бетон жұмыстары толық біткен, ал кірпіш қалау аяқталып қалды.

Жақын арада құрылысшылар терезесін салып, қасбетін әрлей бастайды. Сонымен қатар, жылу құбырлары орнатылып, қажетті тораптарға қосылуда. Электр желісі тартылып, тарату нүктелері дайындалды. Құрылыс кестеге сәйкес жүргізілуде. Жоспар бойынша күшейтілген жұмыс режиміне көшіп, жыл соңына дейін құрал-жабдықтарын орнатып, пайдалануға береді.

Бүгінде құрылыс басында 200-ге жуық адам, 15 техника бар. Газоблог, инженерлік жүйелерге қажетті материалдар жеткілікті.

Айта кету керек, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 12 облыста заманауи перинаталдық орталық салу көзделген.

Бүгін Қызылорда қаласында халықаралық тәжірибе мен озық медициналық технологиялар енгізілетін 200 төсектік перинаталдық орталықтың іргетасы қаланды. Нысанға 2,7 гектар жер телімі бөлініп, 48,8 млрд теңге қаражат қаралған.

### ORHUN MEDICAL – ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

Сол күні қалада Orhun Medical медициналық орталығының ашылу рәсімі өтті.

– Orhun Medical медициналық орталығының қызметі – позитронды-эмиссиялық және компьютерлік томографияны біріктіретін жоғары технологиялық диагностика.

Құны 4 млрд теңге болатын бұл жоба онкологиялық ауруларды ерте анықтауға, дерттің таралу деңгейін бағалауға, емдеу тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді. Тұрғындарымыз ендігіде Астана, Алматы қалаларына, шетелдерге бармай-ақ, сапалы медициналық қызметтерді жергілікті жерде алады.

Ел игілігіне табысталатын медициналық орталық дәрігерлері келушілерге қызмет етіп, науқастың дертіне дауа, көңіліне серпін беріп, халықтың ықыласына бөленеді деп сенеміз. Жауапкершілігі жоғары салада уақытпен санаспай, күні-түні жасаған қызметтеріңіз табысты, мәртебелеріңіз биік болғай! – деді Нұрлыбек Машбекұлы рәсімде.

Салтанатты сәтте Ақмарал Әлназарова, Әлібек Қуантыров сөз сөйлеп, сала ардагері Абдулла Шүленбаев бата берді. Аймақтың денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, медициналық орталықтың жылдық жобалық қуаты айтарлықтай жоғары. Мұнда жылына 3500 позитронды-эмиссиялық және компьютерлік томография зерттеуі жүргізіледі. Сонымен қатар, 16000 магниттік-резонанстық томография, 20000 компьютерлік томография, 25000 рентгенологиялық зерттеу және 10 000 маммография жасауға мүмкіндік бар.

Қызылорда қаласындағы орталық – Orhun Medical компаниясының Қазақстан өңірлерінде жоғары технологиялық онкологиялық көмекті дамытуға бағытталған жобасының екінші кезеңі. Ұлытау, Түркістан, Ақтөбе тұрғындарына да қызмет көрсетеді. Бірінші кезеңде Ақтау қаласында осындай орталық іске қосылған. Зерттеулер тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында жүргізіледі.

Бұдан бөлек, медициналық орталықта МРТ, КТ, рентгенография, маммография, ультрадыбыстық диагностика, бейінді мамандардың кеңестері, зертханалық зерттеулер және емшара бөлмелерінің қызметтері халыққа қолжетімді болады.

### ПЕРИНАТАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

200 орындық перинаталдық орталықтың іргетасын қалау рәсімі сол күнгі шаралардың нүктесін қойды. Жаңа нысан Президент паркі аумағында орналасады.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа бастамамен құттықтады.

– Халқымызда «Денсаулық – басты байлық» деген терең мағыналы сөз бар. Расында кез келген мемлекеттің ең қымбат капиталы – адам өмірі мен денсаулығы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт саулығы жақсы болса, қоғам орнықты дамиды» деп, салаға айрықша көңіл бөліп келеді. Бесінші Ұлттық құрылтайда: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп ерекше атап өтіп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Тарихи миссиясы маңызды жиында Мемлекет басшысы Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталғанын, алдағы уақытта 500 орындық емхана мен 200 орындық перзентхана салынатынын, жаңа драма театр мен заманауи Президенттік кітапхана құрылысы басталатынын жариялады.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің «Қызылорда – Ақтөбе» бағытындағы жолын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы, «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысы басталатынын айтты. Бұл серпінді жобалар өңір экономикасына қуат беріп, транзиттік әлеуетін күшейтеді. Халқымыздың әл-ауқатын арттыруға мол мүмкіндік береді.

Құрылысына 48 млрд 500 млн теңге бөлінген 200 орындық жаңа перинаталдық орталықтың аумағы 38 мың шаршы метр, заманауи талаптарға сай, жоғары сапалы технологиялармен жабдықталады. Бұл – ана мен бала өмірін сақтауға, денсаулығын жақсартуға, демографиялық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет қолдауы.

Жаңа орталық мейірім мен жылулықтың ордасына айналсын! Рамазан айы баршамызға құтты болсын! – деді облыс әкімі.

Рәсімде Ақмарал Әлназарова, Мұрат Әбенов сөз сөйлеп, мемлекет және қоғам қайраткері Ибрагим Әбибуллаев бата берді.

Болашақ перинаталдық орталықта ана мен балаға мамандандырылған заманауи медициналық көмек көрсетіледі. Қабылдау-қарау, стационарлық, диагностикалық, операциялық, реанимациялық және әкімшілік бөлімдер жоспарланған. Сонымен қатар, жерасты өткелі арқылы байланысқан жеке зертхана ғимараты мен ас блогы болады.

Медициналық мекеме жүкті әйелдерге, босанушыларға және жаңа туған нәрестелерге арналған стационарлық бөлімдер, операциялық блок, реанимация, зертханалар және инженерлік-қызметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі. Жобалық шешімдер санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға және заманауи медициналық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

***

ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова бастаған ресми өкілдер «Қамқорлық» ерте араласу орталығының және жұқпалы аурулар ауруханасының жұмысымен де танысты.

Аймақта жыл сайын шамамен 20 мың нәресте дүниеге келеді, ал 18 жасқа дейінгі балалар саны 322 мыңға жетеді. Балаларды оңалту қызметінің қолжетімділігін арттыру мақсатында 2022 жылы «Қамқорлық» орталығы ашылған болатын. Оған жергілікті бюджеттен 205,6 млн теңге бөлінді, ал «Самұрық-Қазына» АҚ және «Қамқорлық» қорынан қаралған 103,4 млн теңгеге құрал-жабдықтар алынып, мамандар біліктілігін арттырды.

Орталық ашылған төрт жыл ішінде 6 000-ға жуық бала оңалту қызметін алды.

Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы 2024 жылы кешенді күрделі жөндеуден өтті. Оған жергілікті бюджеттен 1,6 млрд теңге қаралды. Бүгінде жаңартылған бөлімшелер пациенттер мен медицина қызметкерлерінің жоғары бағасын алуда.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**
**«Сыр бойы»**





# САЗ ӘЛЕМІНІҢ САҢЛАҒЫ

Концертке облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров, Еуропалық одаққа мүше елдердің елшілері, Парламент Сенатының, Мәжілісінің депутаттары, сондай-ақ, композитордың жары Баян Дүйсекеева, баласы Нұркен Кеңесұлы қатысты.

Концертте Қазақстанның Халық артисі Роза Рымбаева, ҚР Еңбек сіңірген қайраткерлері Жұбаныш Жексенұлы, Мәдина Сәдуақасова сынды танымал эстрада жұлдыздары және композитор К.Дүйсекеев атындағы әншілер байқауының жүлдегерлері өнер көрсетті. Әншілерді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзе жетекшілік ететін жергілікті симфония оркестрі мен Saz&Soul танымал музыкалық тобы сүйемелдеді.

1-бет

Дарынды композитор Кеңес Дүйсекеев – 200-ден астам әндердің, «Толғау» симфониясының, «Жалаңтөс батыр» симфония поэма-картинасының, «О, дүние» кантатасының, «Жыл мезгілдері» романстар циклінің, тағы басқа симфониялық шығармалардың авторы. Ол белгілі ақын Шөмішбай Сариевпен тұрақты шығармашылық байланыста болған. Қос автордың шығармашылығы арқылы өмірге келген «Домбыра туралы баллада», «Сәлем саған, туған ел!», «Қарағым-ай» секілді туындылар бүгінде халық арасында кең таралып, тыңдарман қауымның жүрегінен орын алды. Бұдан бөлек, «Ойлан, балам», «Өкінбе сен», «Ғашықтар жыры», «Анаға хат», «Өмір, өмір» әндері – қазақ эстрадасындағы қайталанбас туындылар.

– Алғаш сахнаға шығып жүрген кезімде композитор «Еркеледің, сен», «Сәлем саған, туған ел!», «Домбыра туралы баллада» әндерін менің дауысыма арнап жазған еді. Бүгінде менің сахнаға шыққаныма 50 жыл. Демек, бұл әндердің де шырқалып келе жатқанына осынша уақыт болды деген сөз.

Керемет дарын иесі Кеңес ағамыз өмірден өткенімен, оның артында қалған музыкалық шығармалары әлі де елмен бірге жасап, келер ұрпаққа жетеді деп сенемін, – дейді Қазақстанның Халық артисі Роза Рымбаева. Сондай-ақ әнші Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзе жетекшілік ететін жергілікті симфония оркестрінің сүйемелдеуіне алғысын білдіріп, халықтың қошеметіне ыстық ықыласын жеткізді.

Композитор К.Дүйсекеев шығармашылығына арналған «Саз әлемінің саңлағы» атты еске алу кеші жоғары деңгейде өтті. Әдеттегідей, концерттік бағдарлама Роза Рымбаеваның орындауындағы «Сәлем саған, туған ел!» әнімен қорытындыланды. Өмірінің мәнін музыка әлемінен тауып, қазақ өнеріне өлшеусіз қазына қалдырған талант иесіне деген халықтың қошеметі ерекше болды. Кеш соңында өнер ұжымына облыс әкімінің ықылас гүлі табысталды.

Айта кетейік, бұған дейін композитордың өмірі мен шығармашылығын ұлықтауда Астана қаласында музыкалық кеш өтсе, Қызылорда қаласында «Туған жер» атты халықаралық әншілер байқауын өткізу дәстүрге айналған.

**Ғазиза ӘБІЛДА,**
**«Сыр бойы»**

ЖОБА

# Қызылорда облысы бойынша 2026 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-9) тармақшасына, «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20209 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы бойынша 2026 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмына) арналған субсидиялар нормалары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Н.Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2026 жылғы «___» __________№_____ қаулысына
қосымша

**Қызылорда облысы бойынша 2026 жылға арналған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмына) арналған субсидиялар нормалары**

| № | Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлері | Өлшем бірлігі | 1 тоннаға (литр, килограмм) арналған субсидия нормасы, теңге |
|---|---|---|---|
| 1. | ACID3CONTROL | литр | 3 017,00 |
| 2. | ADOB BORON | литр | 2 500,00 |
| 3. | AGRI AMINOPLANT | литр | 2 150,00 |
| 4. | AGRIKER AMIN B | литр | 2 327,00 |
| 5. | AGRIKER Amin Zn | литр | 1 984,00 |
| 6. | AGRIKER Aqua | литр | 2 000,00 |
| 7. | AGRIKER BLOOM | литр | 2 857,00 |
| 8. | AGRIKER FRUIT | литр | 2 593,00 |
| 9. | AGRIKER Grow | литр | 2 441,00 |
| 10. | AGRIKER N | литр | 1 883,00 |
| 11. | AGRIKER NO SAL | литр | 2 132,00 |
| 12. | AGRIKER PK | литр | 2 905,00 |
| 13. | AGRIKER ROOT | литр | 2 617,00 |
| 14. | AGRIKER Seed | литр | 2 817,00 |
| 15. | AGRIKER TERRA | литр | 1 644,00 |
| 16. | AGRIKER Top | литр | 2 227,00 |
| 17. | AGRI K FORCE 51 | литр | 1 750,00 |
| 18. | AgroArgentum® Forte | литр | 165 000,00 |
| 19. | Agroleaf Power Calcium 12-5-19+9CaO+2.5MgO+TE | тонна | 800 000,00 |
| 20. | Agroleaf Power High K 15-10-31+TE | тонна | 800 000,00 |
| 21. | Agroleaf Power High P 12-52-5+TE | тонна | 800 000,00 |
| 22. | Agroleaf Power Total 20-20-20+TE | тонна | 800 000,00 |
| 23. | Agrolution pHLow 11-10-40+TE | тонна | 700 893,00 |
| 24. | Agrolution pH Low 151 10-50-10+TE | тонна | 700 893,00 |
| 25. | Agrolution pH Low 20-20-20 +TE | тонна | 700 893,00 |
| 26. | ALERG | литр | 3 750,00 |
| 27. | ALGAROST | литр | 6 696,00 |
| 28. | ALGASEED | литр | 17 241,00 |
| 29. | Al-Karal herb | литр | 893,00 |
| 30. | Amco Cereals | килограмм | 1 293,00 |
| 31. | AmcoCorn | килограмм | 1 293,00 |
| 32. | Amcolon 0-0-50 | килограмм | 600,00 |
| 33. | Amcolon 13-40-13+TE | килограмм | 1 125,00 |
| 34. | Amcolon 16-8-24 | килограмм | 750,00 |
| 35. | Amcolon 20-20-20 | килограмм | 875,00 |
| 36. | Amcolon 20-20-20+TE | килограмм | 875,00 |
| 37. | Amco Potato | килограмм | 1 509,00 |
| 38. | Amco Potato 14-25-13 + 3.2 MgO + 1.8 Zn + 12.5 SO3 / Amco Potato | килограмм | 1 509,00 |
| 39. | Amco Sugar Beet | килограмм | 1 500,00 |
| 40. | Aminomax 10 | литр | 4 069,00 |
| 41. | Aminomax Ca | литр | 4 606,00 |
| 42. | AMINOQUELANT Fe | литр | 7 931,00 |
| 43. | AMINOTOP | литр | 3 000,00 |
| 44. | AMINO TURBO | литр | 3 500,00 |
| 45. | Amino Zinc | литр | 1 500,00 |
| 46. | B Commander | литр | 2 180,00 |
| 47. | Besroute | литр | 7 400,00 |
| 48. | Besular | литр | 6 800,00 |
| 49. | B-FOL | литр | 2 470,00 |
| 50. | BIOFORGE | литр | 16 000,00 |
| 51. | BRANDT PROMINO V | литр | 2 886,00 |
| 52. | BRANDTTM Biomaster | литр | 2 600,00 |
| 53. | BRANDTTM Humisol | литр | 2 600,00 |
| 54. | BRANDTTM MANNI-PLEXTM for SMALL GRAINS | литр | 2 600,00 |
| 55. | CAL-HIGH | литр | 1 835,00 |
| 56. | Cristaphos | килограмм | 2 375,00 |
| 57. | CURATOR | литр | 3 500,00 |
| 58. | ENGROS | литр | 4 000,00 |
| 59. | EXCELAMIN | литр | 4 957,00 |
| 60. | FERRO 9 | литр | 4 250,00 |
| 61. | Fertimark Kmg 50:2 | тонна | 150 000,00 |
| 62. | Fertiplant 20/20/20 + 1MgO+TE | тонна | 1 470 000,00 |
| 63. | Fertiplant Ca Plus | килограмм | 1 890,00 |
| 64. | Fertiplant® Ca Plus | килограмм | 1 890,00 |
| 65. | Fertiplant® Combi K | килограмм | 1 680,00 |
| 66. | Fertiplant® Combi P | килограмм | 1 680,00 |
| 67. | Fertiplant® Universal 20+20+20 (HCS) | килограмм | 1 680,00 |
| 68. | FERTYAX | литр | 6 000,00 |
| 69. | FOLCROP B-Mo | литр | 2 658,00 |
| 70. | FOLCROP Ca-B | литр | 2 363,00 |
| 71. | FOLCROP COMBI | литр | 2 166,00 |
| 72. | FOLCROP STIM | литр | 6 586,00 |
| 73. | FOLCROP TITAN | литр | 2 903,00 |
| 74. | FoliaPlant Bore | литр | 2 550,00 |
| 75. | FoliaPlant Foliar | литр | 2 750,00 |
| 76. | FoliaPlant Green Azot | литр | 2 550,00 |
| 77. | FOLIAPLANT K52 | литр | 2 500,00 |
| 78. | Folicare 12-46-8 | тонна | 1 203 750,00 |
| 79. | Folicare 18-18-18 | тонна | 1 203 750,00 |
| 80. | FORCROP GOLDEN 10-14-4 | литр | 2 560,00 |
| 81. | FORCROP K35 | литр | 3 001,00 |
| 82. | FORCROP KAMIN | литр | 2 314,00 |
| 83. | FOSCROP K | литр | 3 444,00 |
| 84. | Fostank | литр | 8 000,00 |
| 85. | Fruitbooster + | литр | 5 690,00 |
| 86. | FULVIC ACID BFA-95 | тонна | 1 000 000,00 |
| 87. | Fylloton | литр | 1 764,00 |
| 88. | Haifa KCI SG 0-0-61 | тонна | 550 000,00 |
| 89. | Haifa Кальциевая селитра | тонна | 187 500,00 |
| 90. | Haifa Монофосфат калия | тонна | 499 000,00 |
| 91. | Hanse Premix | килограмм | 496,00 |
| 92. | IDROFLORAL PLUS 15-5-30 | килограмм | 1 558,00 |
| 93. | IDROFLORAL PLUS 20-20-20 | килограмм | 1 627,00 |
| 94. | Kafom K | литр | 4 775,00 |
| 95. | Kemira Lux 16-21-27+TE Kemira Lux 16-21-27+micro | килограмм | 750,00 |
| 96. | Kemira Summer for Evergreens NPK 8-7-21 (Қылқан жапырақты жасыл өсімдіктерге арналған Кемира NPK 8-7-21) | килограмм | 750,00 |
| 97. | KEYLATE Cu | литр | 3 500,00 |
| 98. | Kitower | литр | 10 200,00 |
| 99. | LEGUMEFiX SOYA | килограмм | 10 500,00 |
| 100. | LIQUIFiX SOYA | литр | 10 150,00 |
| 101. | Madram G | литр | 1 750,00 |
| 102. | MANNI PLEX B-MOLY | литр | 2 636,00 |
| 103. | MANNI-PLEX Ca | литр | 2 789,00 |
| 104. | MANNI-PLEX K | литр | 2 808,00 |
| 105. | MANNI-PLEX ZN | литр | 2 698,00 |
| 106. | Mikrom 15-0-5+9 MgO+TE | килограмм | 2 044,00 |
| 107. | MKP | тонна | 499 000,00 |
| 108. | MULTICARE pH | литр | 1 890,00 |
| 109. | Multicote™ Формулы: Multicote 12-32-5+1,2MgO+ME | тонна | 1 450 000,00 |
| 110. | Multicote™ Формулы: Multicote 15-7-15+2MgO+ME | тонна | 1 450 000,00 |
| 111. | Multicote™ Формулы: Multicote 18-6-12+ME | тонна | 1 450 000,00 |
| 112. | Nano Silica | литр | 7 750,00 |
| 113. | N-BALANCER | литр | 4 275,00 |
| 114. | NIKABOR | килограмм | 1 211,00 |
| 115. | NITARD GOLD 20-20-20 + 2MgO + TE | килограмм | 1 500,00 |
| 116. | NITROPLUS 18 | литр | 2 900,00 |
| 117. | Novalon 03-07-37+2MgO+ME | тонна | 200 000,00 |
| 118. | Novalon 13-40-13+ME | тонна | 200 000,00 |
| 119. | Novalon 19-19-19+2MgO+ME | тонна | 200 000,00 |
| 120. | Novalon Foliar 09-12-40+0,5MgO+ME | тонна | 200 000,00 |
| 121. | Novalon Foliar 10-45-15+0,5MgO+ME | тонна | 200 000,00 |
| 122. | Novalon Foliar 20-20-20+0,5MgO+ME | тонна | 200 000,00 |
| 123. | Novalon Foliar 29-11-11+0,5MgO+ME | тонна | 200 000,00 |
| 124. | NOVA SOP | тонна | 190 000,00 |
| 125. | N.S.Z. 26 | литр | 1 838,00 |
| 126. | OLIGOMIX №8 | килограмм | 2 750,00 |
| 127. | PHOSFIK PK | литр | 3 570,00 |
| 128. | PHYLEN | литр | 1 680,00 |
| 129. | PLANSTAR12-43+2MGO+7SO3+ 0.05CU+1MN+0.2ZN | тонна | 1 050 000,00 |
| 130. | PLANTAFIT GOLD | литр | 4 250,00 |
| 131. | PLANTIN AMINO X | литр | 4 500,00 |
| 132. | PLANTIN BOR X | литр | 3 500,00 |
| 133. | PLANTIN CALCIUM X | литр | 3 000,00 |
| 134. | PLANTIN FER 648 | килограмм | 5 000,00 |
| 135. | PLANTIN PROTECT | литр | 6 500,00 |
| 136. | PLANTIN ROOT | литр | 6 000,00 |
| 137. | PLANTIN SILICON X | литр | 5 000,00 |
| 138. | PLANTIN SUPER P | литр | 3 500,00 |
| 139. | PLANT START 8-31-4 -export | литр | 2 964,00 |
| 140. | Poly-Feed™ Формулы: Poly-Feed 10-52-10+ME | тонна | 200 000,00 |
| 141. | Poly-Feed™ Формулы: Poly-Feed 12-42-8+3MgO+ME | тонна | 200 000,00 |
| 142. | Poly-Feed™ Формулы: Poly-Feed 12-45-12+ME | тонна | 200 000,00 |
| 143. | Poly-Feed™ Формулы: Poly-Feed 12-9-34+3MgO+ME | тонна | 200 000,00 |
| 144. | Poly-Feed™ Формулы: Poly-Feed 16-8-24+ME | тонна | 200 000,00 |
| 145. | Poly-Feed™ Формулы: Poly-Feed 18-14-18+2MgO+ME | тонна | 200 000,00 |
| 146. | Poly-Feed™ Формулы: Poly-Feed 18-18-18+ME | тонна | 200 000,00 |
| 147. | Poly-Feed™ Формулы: Poly-Feed 20-10-10+4MgO+ME | тонна | 200 000,00 |
| 148. | Poly-Feed™ Формулы: Poly-Feed 20-10-20+ME | тонна | 200 000,00 |
| 149. | Poly Milat | литр | 7 500,00 |
| 150. | Poly React | килограмм | 8 000,00 |
| 151. | POTATO START | литр | 750,00 |
| 152. | Premiant Delta Ca, sl | литр | 5 213,00 |
| 153. | Premiant Omega, sl. | литр | 11 911,00 |
| 154. | PROTEC Al | литр | 3 050,00 |
| 155. | QadamFerti AquaLeaf 10-10-40 | килограмм | 3 700,00 |
| 156. | QadamFerti AquaLeaf 10-52-10 | килограмм | 3 700,00 |
| 157. | QadamFerti AquaLeaf 20-20-20 | килограмм | 3 700,00 |
| 158. | QadamFerti AquaLeaf 25-5-5 | килограмм | 3 700,00 |
| 159. | Radix Cal 5 | литр | 1 921,00 |
| 160. | RADIX TIM FORTE+ | литр | 4 720,00 |
| 161. | RAISE | литр | 3 125,00 |
| 162. | Reasil Forte КомбоАктив | литр | 3 690,00 |
| 163. | RedoniQ Антистрес аміно | литр | 10 182,00 |
| 164. | RedoniQ Бор | литр | 3 065,00 |
| 165. | RedoniQ Старт | литр | 3 794,00 |
| 166. | RedoniQ Цинк | литр | 3 065,00 |
| 167. | SALIFORT | килограмм | 4 750,00 |
| 168. | Searent | литр | 12 500,00 |
| 169. | Searole | литр | 5 200,00 |
| 170. | SEAWEED FERTILIZER | килограмм | 4 100,00 |
| 171. | Seedspor-C | литр | 92 400,00 |
| 172. | Seedspor-S | литр | 26 518,00 |
| 173. | Seedspor-W | литр | 5 942,00 |
| 174. | «SEMELE» | литр | 2 496,00 |
| 175. | SHADOR 0+20+33 | килограмм | 1 211,00 |
| 176. | SICOGREEN-B Economy | килограмм | 1 500,00 |
| 177. | SICOGREEN-K Economy | килограмм | 1 500,00 |
| 178. | Sicogreen-L Amino | литр | 4 500,00 |
| 179. | SICOGREEN-L super P | литр | 2 500,00 |
| 871. | Органо-минералды кешенді тыңайтқыш Super Amino Cal | литр | 2 875,00 |
| 872. | Органо-минералды кешенді тыңайтқыш SUPER FUMIN | литр | 2 500,00 |
| 873. | Органо-минералды кешенді тыңайтқыш Super Gel K | литр | 3 000,00 |
| 874. | Органо-минералды кешенді тыңайтқыш SUPER GUMIN MAX | литр | 3 000,00 |
| 875. | Органо-минералды кешенді тыңайтқыш SUPER SOIL | литр | 2 250,00 |
| 876. | Тыңайтқыш комплексное органоминеральное «Оксигумат-У» | литр | 759,00 |
| 877. | Тыңайтқыш «Контур» маркасы «Контур» | литр | 2 425,00 |
| 878. | Тыңайтқыш «Контур» маркасы «Контур Антистресс» | литр | 3 388,00 |
| 879. | Тыңайтқыш «Контур» маркасы «Контур Аргент» | литр | 2 800,00 |
| 880. | Тыңайтқыш «Контур» маркасы «Контур Профи» | литр | 2 755,00 |
| 881. | Тыңайтқыш «Контур» маркасы «Контур Рост» | литр | 2 545,00 |
| 882. | Тыңайтқыш «Контур» маркасы «Контур Старт» | литр | 2 550,00 |
| 883. | Тыңайтқыш Лебозол-Заатгут Микс | литр | 5 640,00 |
| 884. | Тыңайтқыш Лебозол - МагФос | литр | 7 552,00 |
| 885. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол-Бор | литр | 4 125,00 |
| 886. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол-Калий 450 | литр | 5 100,00 |
| 887. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол-Кальций | литр | 3 705,00 |
| 888. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол-МагС | литр | 6 148,00 |
| 889. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол-Медь-Хелат | литр | 10 135,00 |
| 890. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол- Молибден | литр | 35 270,00 |
| 891. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол- Нитрат Магния | литр | 3 158,00 |
| 892. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол-Нитрат марганца 235 | литр | 4 965,00 |
| 893. | Тыңайтқыш Лебозол, маркасы: Лебозол-Нутриплант 36 | литр | 3 600,00 |
| 894. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол-Нутриплант 8-8-6 | литр | 3 640,00 |
| 895. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол- Сера 800 | литр | 5 140,00 |
| 896. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол-Цинк 700 | литр | 10 475,00 |
| 897. | Тыңайтқыш Лебозол-Нутриплант 5-20-5 | литр | 3 640,00 |
| 898. | Тыңайтқыш Лебозол - Полный уход | литр | 4 275,00 |
| 899. | Тыңайтқыш Мастер 13:40:13 (Master 13:40:13) | килограмм | 5 415,00 |
| 900. | Тыңайтқыш Мастер 15:5:30+2 (Master 15-5-30+2) | килограмм | 5 415,00 |
| 901. | Тыңайтқыш Мастер 18:18:18+3MgO+S+TE (Master 18:18:18+3MgO+S+TE | килограмм | 5 415,00 |
| 902. | Тыңайтқыш Мастер 20:20:20 (Master 20:20:20) | килограмм | 5 415,00 |
| 903. | Тыңайтқыш Мастер 3:11:38+4 (Master 3:11:38+4) | килограмм | 5 415,00 |
| 904. | Тыңайтқыш Мастер 3:37:37 (Master 3:37:37) | килограмм | 5 415,00 |
| 905. | 12:52 маркалы аммофос минералды тыңайтқышы | тонна | 120 000,00 |
| 906. | Азотты-фосфорлы-калийлы кешенді тыңайтқыш (NPK 15) | тонна | 120 000,00 |
| 907. | Минералды тыңайтқыш Пекацид | килограмм | 893,00 |
| 908. | Минералды тыңайтқыш ФЕРТИКА маркасы: ФЕРТИКА Листовое 18-18-18 | килограмм | 750,00 |
| 909. | Минералды тыңайтқыш ФЕРТИКА маркасы: ФЕРТИКА Листовое СТАРТ 13-40-13 | килограмм | 750,00 |
| 910. | Минералды тыңайтқыш ФЕРТИКА маркасы: ФЕРТИКА Плюс 6,4-11-31 | килограмм | 1 250,00 |
| 911. | Органо-минералды тыңайтқыш Agro VITA | килограмм | 2 000,00 |
| 912. | Органо-минералды тыңайтқыш Hum EXTRA | килограмм | 1 500,00 |
| 913. | Органо-минералды тыңайтқыш КомплеМет маркасы Эластико | литр | 1 836,00 |
| 914. | Тыңайтқыш Плантафол 10:54:10 (Plantafol 10:54:10) | килограмм | 7 360,00 |
| 915. | Тыңайтқыш Плантафол 20:20:20 (Plantafol 20:20:20) | килограмм | 7 360,00 |
| 916. | Тыңайтқыш Плантафол 30:10:10 (Plantafol 30:10:10) | килограмм | 7 360,00 |
| 917. | Тыңайтқыш Плантафол 5:15:45 (Plantafol 5:15:45) | килограмм | 7 360,00 |
| 918. | Тыңайтқыш «Ростолон 18-18-18 + ME» | килограмм | 1 570,00 |
| 919. | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 0-20-35 | килограмм | 1 570,00 |
| 920. | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 14-14-14 | килограмм | 1 570,00 |
| 921. | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 14-5-15 | килограмм | 1 570,00 |
| 922. | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 15-5-23 | килограмм | 1 570,00 |
| 923. | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 17-6-18 | килограмм | 1 570,00 |
| 924. | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 18-18-18 | килограмм | 1 570,00 |
| 925. | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 20-20-20 | килограмм | 1 570,00 |
| 926. | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 3-11-26 | килограмм | 1 570,00 |
| 927. | Тыңайтқыш Ростолон маркасы: 35-0-0 | килограмм | 1 570,00 |
| 928. | Тыңайтқыш Руткат (Rutkat) | литр | 6 848,00 |
| 929. | Азотты-фосфорлы күрделі тыңайтқыш маркасы 33:3 (сауда белгісі АЗОТОФОСФАТ) | тонна | 129 465,00 |
| 930. | Күкіртқұрамды азотты-фосфорлы күрделі тыңайтқыш маркасы 20:20 | тонна | 125 600,00 |
| 931. | Күкіртқұрамды азотты-фосфорлы күрделі тыңайтқыш, маркасы 20:20 | тонна | 125 600,00 |
| 932. | Микроэлементтері бар азотты-аралас тыңайтқыш «Биобарс-М» | литр | 1 875,00 |
| 933. | Тыңайтқыш Ультрамаг Комби, маркасы «Для бобовых» | литр | 3 150,00 |
| 934. | Тыңайтқыш Ультрамаг Комби, маркасы «Для кукурузы» | литр | 3 150,00 |
| 935. | Тыңайтқыш Ультрамаг Комби маркасы «Для зерновых» | литр | 3 150,00 |
| 936. | Тыңайтқыш Ультрамаг Комби маркасы «Для картофеля» | литр | 3 150,00 |
| 937. | Тыңайтқыш Ультрамаг Комби: маркасы «Для масличных» | литр | 3 150,00 |
| 938. | Тыңайтқыш Ультрамаг Комби маркасы «Для свеклы» | литр | 3 150,00 |
| 939. | Тыңайтқыш Ультрамаг маркасы «Калий» | литр | 2 400,00 |
| 940. | Тыңайтқыш Ультрамаг маркасы «Кальций» | литр | 2 400,00 |
| 941. | Тыңайтқыш Ультрамаг маркасы «Молибден» | литр | 2 400,00 |
| 942. | ӘМБЕБАП ТЫҢАЙТҚЫШ «ГУМИМАКС-П» кешенді гуминді-минералды микроэлементтері бар | литр | 1 563,00 |
| 943. | Тыңайтқыш Феррилен (Ferrilene) | килограмм | 10 365,00 |
| 944. | Тыңайтқыш Феррилен Триум (Ferriline Trium) | килограмм | 10 365,00 |
| 945. | Тыңайтқыш Coveron (КОВЕРОН) | килограмм | 44 491,00 |
| 946. | Тыңайтқыш GREENPHOS+Zn | литр | 4 000,00 |
| 947. | Тыңайтқыш Liquid MKP | литр | 5 000,00 |
| 948. | Тыңайтқыш SCUDO (Скудо) | литр | 6 796,00 |
| 949. | Тыңайтқыш TIFI Max (Тифи Макс) | килограмм | 46 750,00 |
| 950. | Тыңайтқыш TRAINER (Тренер) | литр | 4 250,00 |
| 951. | Сұйық азотты тыңайтқыш (КАС) | тонна | 95 000,00 |
| 952. | Гель тәрізді тыңайтқыш Agro Gel Balance (25-25-25) | килограмм | 2 250,00 |
| 953. | Гель тәрізді тыңайтқыш Agro Gel Fruit (15-10-50) | килограмм | 2 250,00 |
| 954. | Гель тәрізді тыңайтқыш Agro Gel P-K (0-50-50) | килограмм | 2 250,00 |
| 955. | Гель тәрізді тыңайтқыш Agro Gel Start (15-65-15) | килограмм | 2 250,00 |
| 956. | Гуминді тыңайтқыш. Гумат Калия | килограмм | 365,00 |
| 957. | Гуминді тыңайтқыш. Гумат натрия | килограмм | 315,00 |
| 958. | Сұйық азотты тыңайтқыш (КАС) | тонна | 95 000,00 |
| 959. | Сұйық кешенді тыңайтқыш (ЖКУ) маркасы 11-37 | тонна | 165 000,00 |
| 960. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Бобовые | литр | 2 201,00 |
| 961. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Железо | литр | 861,00 |
| 962. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Железо+Цинк | литр | 900,00 |
| 963. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Картофель | литр | 1 158,00 |
| 964. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы Кукуруза | литр | 1 055,00 |
| 965. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Лен | литр | 1 132,00 |
| 966. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Марганец | литр | 902,00 |
| 967. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Медь | литр | 1 065,00 |
| 968. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Молибден | литр | 1 097,00 |
| 969. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Рапс | литр | 917,00 |
| 970. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Свекла | литр | 1 102,00 |
| 971. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: СО | литр | 939,00 |
| 972. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Хвоя | литр | 501,00 |
| 973. | Кешенді тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Цинк | литр | 632,00 |
| 974. | Күрделі органоминералды тыңайт-қыш КомплеМет маркасы: Актив | литр | 2 172,00 |
| 975. | Күрделі органоминералды тыңайт-қыш КомплеМет маркасы: Бутон | литр | 2 201,00 |
| 976. | Күрделі органоминералды тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Кукуруза Импульс | литр | 2 298,00 |
| 977. | Күрделі органоминералды тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Рапс Импульс | литр | 2 165,00 |
| 978. | Күрделі органоминералды тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Рубин | литр | 2 556,00 |
| 979. | Күрделі органоминералды тыңайтқыш КомплеМет маркасы: Сад-Огород Импульс | литр | 2 141,00 |
| 980. | Күрделі органоминералды тыңайтқыш КомплеМет маркасы Старт | литр | 1 109,00 |
| 981. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол-КвадроС | литр | 11 011,00 |
| 982. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол- РапсМикс | литр | 7 553,00 |
| 983. | Тыңайтқыш Лебозол маркасы: Лебозол-ТриМакс | литр | 11 675,00 |
| 984. | Тыңайтқыш Полиферт (POLYFERT) маркасы 15-7-30 | килограмм | 1 500,00 |
| 985. | Тыңайтқыш Полиферт (POLYFERT) маркасы 19-19-19 | килограмм | 1 500,00 |
| 986. | Ультрамаг Супер Цинк-700 | литр | 4 107,00 |
| 987. | Ультрамаг Фосфор маркасы «Актив» | литр | 2 366,00 |
| 988. | Ультрамаг Фосфор маркасы «Супер» | литр | 3 411,00 |
| 989. | Феррилен 4.8 (Ferrilene 4.8) | килограмм | 10 365,00 |
| 990. | Фертигрейн Свекловичный | литр | 5 990,00 |
| 991. | Фертигрейн Старт | литр | 10 505,00 |
| 992. | Фертигрейн Старт СоМо | литр | 10 825,00 |
| 993. | Фертигрейн Фолиар | литр | 9 720,00 |
| 994. | Фертика сульфат калия | тонна | 190 000,00 |
| 995. | Фертика Калий сульфаты (калий сульфат) | тонна | 190 000,00 |
| 996. | Филлотон | литр | 1 764,00 |
| 997. | Калий хлорид маркасы SOLUMOP® | тонна | 142 857,00 |
| 998. | Цитогумат Голд | литр | 1 300,00 |
| 999. | ЭКОЛАЙН Бор (органикалық) - ECOLINE Boron (organic) | литр | 1 250,00 |
| 1000. | ЭКОЛАЙН Фосфитный (К) - ECOLINE Phosphite (К) | литр | 2 000,00 |
| 1001. | ЭКОЛАЙН Фосфитный (К-Zn) | литр | 2 000,00 |
| 1002. | ЭКОЛАЙН Фосфитный (К-Амино) - ECOLINE Phosphite (К-Amino) | литр | 2 150,00 |

Ескертпе: Қысқартылған сөздердің толық жазылуы:

pH – қышқылдық көрсеткіші.

# Ән әлеміндегі дара дауыс

ЭССЕ



*Ойпырым-ай, ойпырым-ай! Осындай да дауыс, осындай да үн болады екен. Рас, бұрындары мұндай керемет дауысты Европаның опера жанрында айтатын әншілерінен еститінмін. Дәл сондай үнді дәл өзіміздің қаламыздан, нақтырақ айтқанда, алақандай Қызылордадан естимін деп ешқашан ойламаппын. Таңғалдым! Қайта-қайта таңғалдым, әлі де таңғалу үстіндемін. Бес жыл, он жыл, жиырма жыл емес, бақандай қырық бес жыл журналистік ғұмырымда, оның ішінде басқа емес, дәп осы дауысқа, үнге, әнге, әуенге байланысты өнер атты өлмейтін, өшпейтін өрісті саланы жазып, көгілдір экраннан сол саланың қайраткерлері мен майталмандарын, тіпті өнер ауылына енді ғана аяғын апыл-тапыл басып бет бұрған талапты өрендерге дейін назарымнан тыс қалдырмауға тырысып, есім-сойларын қалам ұшына үйіріп, жүздерін жұртшылықпен қауыштырып жүргенде мына сирек кездесетін ғажайып дауыс иесін көрмеппін. Бірақ, бұл білместікке мен өзім ғана кінәлі емес сияқтымын. Кінә – уақытында қалыптасқан жағдайдан. Тиісті сала басшыларының, сол төңіректегі тиісті мамандардың көре білмегендігінен, бір сөзбен түйіп айтқанда «Жібек пен бөзді айыра алмағандықтарынан», яғни ешкімге, ешқандай әншіге ұқсамайтын өзгеше үнді өнер иесін сахнаға шақырмаудан, шақырмақ түгілі, кейбір кездері тосқауыл жасап, кедергі келтіруден. Ал мұндай келеңсіз әрекеттер әрине, өнер адамын өрістетпейді, өсірмейді, тек өшіреді!*

Ширкін-ай, бір ғана біздің бүгінгі тілге тиек етіп отырған әншіміз емес, басқа да жастарға дер уағында, жанып тұрған, құлшынып, талаптанып тұрған кезеңінде көп демей-ақ қояйық, кішкене ғана қолдау, сүйеу болса ғой. Онда... Онда біздің өнеріміз бен мәдениетіміздің хал-ахуалы бүгінгіден әлдеқайда әлеуетті, әлдеқайда жоғары, дамыған деңгейде болар еді...

Осы жерде сіз, қадірлі оқырман, ойлап отырған болуыңыз мүмкін, «Біз, қазақтар, мықтымыз ғой, ортамыздан Димашты шығардық» деп. Жоқ! Димашты шығарған, қайталанбас ғажайып даусын біле білген, көре білген, бағалаған, сөйтіп әлемге танытқан Қытайда өткен конкурс, сондағы қазылар алқасы, көзі ашық, көкірегі ояу музыка мамандары. Әйтпесе кім біледі... Димаш оған дейін де өз елімізде ән шырқап жүрді ғой...

Хош, кіріспемнің өзі керекарыс боп кеткендей. Мәселе, таланттыға дер уағында көңіл бөлініп, қамқорлық танытылмайтындығында. Ашынғаннан ащы даусымның шығып отырғаны. Сол салғырттық, таланттарға деген сол немқұрайлылықтан бүгіндері әлемдік сахна төрінде ән салып, өзге жұртқа ұлтымызды ұлықтатып, мерейімізді тасытып жүретін бір өнер иесін өшіріп алыппыз. Өкінішті! Өте өкінішті! Өйткені мұндай дауыс оннан бір, жүзден бірде емес, мыңнан бірде ғана кездеседі. Мүмкін, миллионнан бірде...

Сонымен өкініштен менің өзегімді өртеп, «әттеген-ай!» дегізіп отырған кейіпкеріміз кім дейсіз ғой. Айтайын. Ол – Гүлмира Төленқызы Байболова. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Педагогика және дәстүрлі өнер» институты қарамағындағы «Дәстүрлі музыка өнері және хореография» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы. Міне, мен онымен танысқалы талантына табынып, таңдай қағып, тамсанып жүрген Гүлмира әншінің қызмет түрі осы. Міндет, мақсаты – музыка пәнінің мұғалімдерін даярлау. Болашақ мамандарға вокалдан, яғни ән салудан сабақ береді, үйретеді.

Жалпы білім беретін мектептерге бұрынғы ән-күй пәнінің, қазіргіше айтқанда, музыка пәнінің мұғалімдерін даярлауға жәй, күнделікті ғана, мектеп талабына, бағдарламасына сәйкес әнші де, маман да жарайды. Ал, мынандай... Гүлмираның даусындай, шыңыраудың түбінен зорға дегенде зарықтырып барып, тап-таза, тұп-тұнық, мөп-мөлдір етіп шығаратын кәусар дауыс табылмайды емес пе... жоқ еді ғой. Әттең-ай, әттең-ай, осы кереметті көре алатын, танып-біле алатын бір адамның болмағаны... Білместік, немқұрайлылық...

Басқа не деуге, мәдениет, ғылым, білім, өнер саласындағы басшыларға, мамандарға не айтуға болады?! Осы өзгеше дауысты талант иесі көз алдарында, дәл жандарында жүрді. Сонда үлкен сахнаға шақырса, үлкен концерттерге қатыстырса қайда қалды олар?!

Со-о-лай... Ал енді мен таңырқап, таңғалып отырған Гүлмира әншінің мына ғажайып даусы, ешқандай адамның да, құстың да дыбысына теңестіре алмай қойған керемет үні қайдан шықты? Расында, қайдан шықты?

«Жоқтан ешнәрсе пайда болмайды, бар нәрсе жоғалып кетпейді» дегендей, Гүлмираның нағашылары жүз жырау шыққан киелі Қармақшының кетелері. Оның ішінде Фирдаусидің «Шаһнамасын» қазақ тілінде сөйлеткен әйгілі Тұрмағамбет шайырдың ауылынан. Мұндай құнарлы топырақта тірлік кешкен жандар тегін болушы ма еді? Әлбетте, жоқ! Гүлмираның анасы Құралай осы ауылдағы айтулы Жұқан молданың немересі. Жұқан молда кезінде Тұрмағамбет Ізтілеуұлымен жолдас, сырлас, пікірлес болған. Ал Құралайдың әкесі Алымбек пен шешесі Мақанқызы Ораз біздің күндікке аузымыздың суы құрып айтып отырған кейіпкеріміздің туған нағашы атасы мен әжесі. Гүлмира балдәурен бала күнінде осы текті кісілердің қолында тәрбиеленді. Сонда тұлымы желпілдеген жеткіншектің құлағына құйғаны – домбыраның үні. Иә, атасы Алымбек көктемде күннің көзі жылт етіп шығысымен алты қанат киіз үйін тігіп алып, тал-дарақтардың жасыл жапырағы сарғайып, үзіліп түскенге дейін көшпенді бабалардан қалған сол баспанада қоңыр домбырасын күмбірлетіп отыратын.

Кішкентай Гүлмира осылайша домбыраның дыбысынан рахат тауып, күмбір үніне үйір болып жүргенде жеті жасқа толып, әкесі мен анасы оны оқыту үшін қалаға алып кетеді. №140 мектепке береді. Қызығы, ә дегеннен-ақ оның өнерге әуестігі байқалады. Тұрмағамбет ағайының ән-күй сабағында хор айтқанда үні көптің ішінде ерекшеленіп тұратын. Ол өзгешелікті Гүлмираның өзі жасайтын. Дауысым басқалардан әлдеқайда басым болса екен деп бар күшін салатын. Осындай сәттерде оның ойына үнемі әкесінің қарындасы Мирамкүл мен анасының сіңлісі Актолғай түсетін. Иә, осы апалары да ән айтатын. Жиын-тойдың, туысқандар арасындағы мерекелік басқосулардың гүлі болатын. Міне, енді сол әнші әпкелерінің даусы құлағына келіп, жадын жаңғыртты.

Сөйтіп әнге деген әуестігі артып, құштарлығы қанатталып жүргенде бұларға болашақ мұғалім, әнші Айқын Кенжеғараева педагогикалық тәжірибеге келді. Айқын тек дәріс оқып қана қоймай, сыңғырлаған әдемі даусымен баянда сүйемелдеп балаларға ән де айтып беретін. Әнші апайының әуезді үнін тыңдап қызыққан кішкене Гүлмира енді өз бетінше жеке дауыста ән сала бастады. Ең әуелі мектептің акт залында өткен мәдени шарада шырқады. Сол жиында өздеріне қазақ тілі мен әдебиеті үйірмесінде сабақ беретін ақын, сазгер, ұстаз Ділдахан Торғаева сөз сөйлеп, талапты оқушыларға ізгі тілегін білдірді.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші, Гүлмираның ән айту жолы осыдан соңақ ашылып жүре берді. Өнерге құштар өрен ән айтқысы, ән салудың әртүрлі әдістерін үйренгісі келіп, Пионерлер сарайына барды, сондағы үйірмелерге қатысты. Қатысып қана қоймай, түрлі шараларда шарықтатып ән шырқады. Жақсысы – мұндай талапты балғынды ешкім байқамай қалмады емес, байқады, көрді. Енді ол қалалық білім беру бөлімінің атынан сахнаға шыға бастады. Мұнда Светлана Құдиярқызы апайының айтқан ақыл-кеңесі көп көмегін тигізді. «Қыз сыны – 93» байқауына қатысты. Бұл уақыт еліміздің егемендік алып, ұмыт болуға айналған ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыздың қайта оралып, жаңғыра бастаған кезеңі еді. Байқау барысында Төленқызы тек ән айтып қана қоймай, осы орайдағы сындарлы сынақтардың баршасынан мүдірмей өтіп, жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Бұл тұрғыда мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін Үкі Дүйсенова апайының сіңірген еңбегі аз болған жоқ.

Осылайша ол көпшіліктің көңілінен шығып, назарына ілікті. Сонан соң облыстық телеарнада өткен «Жас қанат» байқауына қатысып, тиісті тәуір бағасын алды.

Бұл кезде Гүлмира мектеп бітіретін мезгілге таяған-ды. Бір күні әлгіндей байқауларда қазылар құрамында отыратын композитор Рамазан Таймановпен сұхбаттасып қалды.

– Сен қызға педагогикалық мамандық керек пе, жоқ әлде музыканың кәсіби сауатты маманы болғың келе ме? – деді қандай мәселені болса да көлтіктемей тікесінен айтатын Рамазан.

– Кәсіби музыка маманы болғым келеді, – деді бұл өзінің шынайы ой-арманын жасырмай.

– Онда музыкалық училищеге баруың керек!

Байболова осы әңгімеден соң көп кідірмей Қызылорда музыкалық училищесіне (қазіргі Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледжіне) құжат тапсырды. Сынақтардан қамшы салдырмай сырғып өтті. Оқуға қабылданды. Әрине, қабылданады. Өйткені Гүлмирадай таңғажайып дауысты талантты жас ой мен қырда шашылып жатқан жоқ! Ұстазы – Қызылорда өңіріндегі танымал вокалист-маман, әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Қаракөз Ақдәулетова.

Иә, Қаракөз апайы Гүлмира вокал класына жыл сайын келіп жататын көп баланың бірі емес, ерекше дауысты дарын екенін бірден байқады. Өзі де әнді білмейтін адамнан білім алған жоқ. Қазақтың бұлбұлы атанған әйгілі Бибігүл Төлегенованың консерваториядағы тұңғыш шәкірті болды. Осыдан да Қаракөздің танып-білгені, бұлбұл әнші-ұстаздан үйренгені, көкейіне тоқығаны аз емес-ті. Енді ол өзінің осынау мол тәжірибесін тарата отырып дауысты қою, үнді музыканың тиісті талаптарына сай етіп үйлесімді шығару, ән салудың және де басқа қыр-сырын бар ынта-ықыласымен балауса шәкіртіне үйрете бастады.

Әнші-ұстаздың үлкен еңбегінің және өзінің де сауатты ән салуға деген құштарлығының нәтижесінде аз ғана уақыттың ішінде Гүлмира біршама биіктерді бағындырды. Көптеген конкурстарға қатысып, талайды таңдай қақтырды.

Өстіп өзгеше даусымен өрлеп, өңірдің ән әлемінде айқындалып келе жатқан аруды училищенің екінші курсында, иә, небәрі екінші ғана курста жалағаштық сүйген жігіті алып қашты. Махаббат деген де бір көзсіз сезім ғой.

Қаракөз апайына бұл жағдай ауыр соқты. Гүлмира келешегінен үл-ке-е-ен үміт күтіп, үкілеп отырған оқушысы еді. Музыкалық училище қабырғасынан өз қолымен ұшырып, консерваторияға оқытамын деп ойлаған. «Сені Бибігүл Төлегенова әжеңе алып барамын» деп айтатын үнемі.

Иә, Қаракөз ұстаздың ойы айнымай келді. Талантты шәкіртін шынында да тұрмыс биледі. Бөпелі болды. Консерватория жайына қалды...

Дейтұрсақ та, Алла тағала сыйлаған ғажайып үнімен қоса, бойында алға ұмтылушылық, білімін, даусын жетілдірушілік, өз-өзіне үлкен талап қоя білушілік секілді өміршең қасиеттері бар Гүлмира бір ғана оқу орнымен тоқталып қалмай, училищеден соң Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне түсті. Сол бір ақжолтай жылы әйгілі жырау Алмас Алматов Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының шифрімен осы университетте «Орындаушылық өнер» мамандығын ашқан. Сәті түсіп Байболова осы бөлімге қабылданды. Мұнда Миуа Төлегенова, Роза Алисова, өзінің бұрынғы апайы Қаракөз Ақдәулетова сынды білікті де ұлағатты ұстаздардан білім алды. Ән айту өнерінің тылсым сырларына және оны оқушылар бойына дарытудың әдістерін оқып, үйрене жүріп, университетті үздік, яғни қызыл дипломмен бітірді. Сонда мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болып Алматыдан келген Қыздар педагогикалық университетінің профессоры Шолпан Құлманова Гүлмира талантының тамаша даусын естіп, «бұл бала Астананың опера және балет театрына баруы керек» деп ұсыныс жазды. Өкінішке орай, біздің талантымыз туған жерден табан аудармады. Себебі – тұрмыс пен отбасы жағдайы. Ширкін-ай деп ойлаймын, Астанадағы опера және балет театрына барып, үлкен сахнада шырқап, әйгілі опералардан ариялар орындағанда, сөйтіп жасындай жарқырап көрінгенде, кім біледі, әрі қарай Италияның Ла-Скала театрына кетер ме еді? Менің бұлайша армандап отырғаным тектен-тек емес! Гүлмира Байболованың барқыт сынды тембрге тұнған таңғажайып үні бұл биікке әбден лайық-ты. Сөйтіп бұл қыз ән салудың ең биік шыңы – опера айтудың, кез келгенге жалын сипатпайтын классикалық шығармалардың шырайын кіргізіп, орындаушылық шеберліктің шынайы үлгісін көрсетер ме еді?..

Қой, орындалмаған арман-қиялды осы жерден «орнына» қойып, енді қазіргі, нақты тірлікке көшейік.

Гүлмира өзі тәмамдаған жоғары оқу орнында оқытушы болып қалды. Содан бері арада аттай сырғып жиырма үш жыл уақыт өтті. Әнші-ұстаз осы кезеңде талай-талай талантты жастарды, музыка пәнінің мамандарын даярлады. Бүгінде шәкірттерінің көбі филармонияда, мектептерде, мәдениет үйлерінде еңбек етіп жүр. Олардың арасында халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаттары болғандар аз емес. Педагогикалық қызметіндегі алғашқы шәкірттері әншілік қана емес, сазгерлік жағынан да жақсы танылған Гүлнұр Нұрасылова, облыстық филармониядағы Арайлым Мұқамбетжанова, Айбек Теңізбаев, Тілектес Іңкәр, Аяулым Молдабекқызы сынды лауреат түлектерін мақтан тұтады.

Дауыс мүмкіндігі байқалған, ән салуға деген таудай талабы бар балаларды көрсе қай кезде де тыным тауып отыра алмайтын Гүлмира 2018 жылы жеке бір кабинетті жалға алып, кішкентайларды ақылы негізде вокал бойынша оқытып, дайындады. Айтарлығы, сол талапты балғындардың біразы әлгіндей халықаралық және республикалық сындарлы сайыстардың лауреаттары атанып, сонан соң музыка колледждеріне, консерваторияға грант негізінде оқуға түсті. Ұстазға мұнан артық қандай жетістік, қандай қуаныш керек! Үкілі үміттің, моншақтап төккен маңдай тердің тәтті жемісі – міне, осы! Жақсылық Нұрсәндібек, Нұрдәулет Әлиханов, Айару Сейдолла, Әмір Ыдырысовтың алдағы уақытта білімді де талантты вокалистер болатынына сенім мол. Сондай-ақ осы студияда дәріс алған, әлі мектеп қабырғасындағы Хайри Искакова мен Зейнамаш Нұрай да лауреаттар. Бұл өрендердің көздегендері – болашақта музыкалық білімдерін байытып, кәсіби маман болу. Күткен үміт зор.

Қай кезде де кабинетте қол қусырып қарап отыра алмайтын, жаны да, жүрегі де тек ән, әуен деп соғып, соны ғана қалайтын, бар мақсаты жеткіншектердің музыкалық сауаттылығын жетілдіре түсу болған ұстаз 2019-2022 жылдары «Дәстүрлі өнер» институты директорының орынбасары қызметін атқарды. Бірақ, мұндай басшылық жұмыс өзінің қолы емес екенін түсінді. Сөйтті де ол шаруаны өзге әріптесіне тапсырып, балаларға бірыңғай ән үйретуге, әннен сабақ беруге, баулуға көшті. Уақыт өте берді...

Негізінен Гүлмира вокал пәнінен дәріс береді. Мұны жазбамыздың өн бойында айтып отырмыз. Ол сонымен қатар хор класына жетекшілік жасайды. Бұл бағытта да талантты оқытушының қол жеткізген табыстары баршылық. Бір топ, отыз баланың басын қосып шырқату оп-оңай емес, әрине. Осы орайда уақытпен есептеспей жұмыс жасауының нәтижесінде Төленқызы өткен жылы үлкен жетістікке ие болды. Сәуір айында Студенттер сарайында болған есепті концертте Гүлмира ұстаз жетекшілік еткен хор ұжымы өте тамаша, бүгінгі өскелең ұрпақтың талабына сай сауатты да тартымды, мазмұнды өнер көрсетті. «Әуелеген ән мен хор» атты кеш барысында қазақ, орыс, басқа да алыс, жақын шетел композиторларының шығармалары мен вокалдық туындылары, опералардан ариялар шырқалды. Оқытушылар мен студенттердің бірлескен еңбегі нәтижесінде өткен бұл шарада әрбір шығарма шеберлікпен орындалып, көрермен қауымның шынайы сүйіспеншілігіне бөленді. Атап айтарлығы, хор тұрғысындағы мұндай жетістік университет тарихында бұрын-соңды болмаған екен.

Вокалист ұстаздың қуанатын тағы бір жетістігі – сол концерттен соң көп өтпей-ақ болған «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты фольклорлық-музыкалық өнер фестивалінде төрт шәкіртінің белгілі композитор Рамазан Таймановтың «Қорқыт гимні» әнін әуелете шырқап, көпшіліктің көңілінен шыққаны.

Ал енді Гүлмира ұстаздың, жай ғана ұстаз емес, ерекше дауысты әнші-педагогтің ширек ғасырға жуық жасаған еңбегінің өтеуі, яғни марапаттары қандай дейсіздер ғой? Оның ең үлкені – университеттің «Қорқыт ата атындағы алтын медалі» мен осы оқу орнының «Үздік оқытушы» деп аталатын медалі екен. Сонан соң Білім және ғылым министрлігінің, облыс әкімдерінің Алғыс хаттары, бірқатар мерекелік төсбелгілер...

Ұят-ай! Тілің күрмеліп, жүзің қызарады. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген осы! Репертуарында дастарқан басында айтудан аспайтын төрт-бес қана туынды бар, тіпті ауылдың алты ауызынан ұзап шырқай алмайтын базбір әншісымақтардың кеуделері сыңғырлаған орден-медальдарға толып масайрап жүргенде, біз әңгімемізге арқау етіп отырған мыңнан бірде кездеспейтін сирек дауысты әншіде, ұлағатты ұстазда ауыз толтырып ұялмай айтатын мемлекеттік бірде-бір марапат жоқ екен.

Бұған не деуге болады?!

Ән қоржынында мюзикл оперетталары мен шетел және қазақ композиторлары операларының ариялары, сондай-ақ ұлт сазгерлерінің шығармалары бар Байболова туған жер төсін таңғажайып үнімен тербеп келеді. Үлкен талант, әрине, үлкен сахнаны армандамайды емес, армандайды.

Гүлмираның дауысын біреулер колоратуралық сопрано, ал өзі драмалық сопрано дейді. Мейлі, қандай сопрано болса да, әйтеуір бұрынсоңды бұл өңірден біз естімеген керемет!

Қазақтың қара сөзінің майын ішпесем де, жілігін шағып жүрген менің кестелі тілім кейіпкеріміздің дара дауысын қаламмен жазып сипаттауға жетпеді, білем. Өйткені дауыстың құнары мен қуатын, бояуы мен өрнегін танып, таңғала отырып ләззатқа кенелу үшін тек орындаушыны тыңдау керек!

Иә, Гүлмира әншіні тыңдау керек!

**Несібелі РАХМЕТ,**
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

# ДОСТЫҚ СӘУЛЕСІ




11-ші ақпан күні университетке барсам, оқу ғимараты дүбірлеп жатыр. Сөйтсем, ол – академик Кәрібозовтың, аға-ұстаз Бағдат Кәрібозұлының дүбірі екен ғой. Өзінің атындағы «Әдебиет лабораториясында» Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының бүтін бір курсына лекция оқып отыр екен. Студенттерге ғана емес, оқытушыларға да ғажайып әсер сыйлайтын ағайдың дәрісін біз де тыңдадық. Дегбірді алған дерті сәл ғана әлсіреткені болмаса, сол білім, сол білік, сол биіктік.

Дәрістен соң кафедрамен бірге жұмыс кабинетіне сәлем бере бардық. Аяулы жары Салтанат апаймен де қауқылдасып жатырмыз. Бір кезде «Айман, бері келші» деп жеке шақырып алды да, «Менің баспадан бүгін шыққан кітабым. Бәріне бірдей бере алмаймын. Өзіңе ғана табыс етейін деп едім» деп, «Менің Әрекем» деген жап-жаңа еңбегін ұсынды. Әрине, үлкен ықыласпен қабыл алдым. Мұқабасында өзіме жақын, жылы жүздер, биік бейнелер. Сол күнгі лекцияларымды тез оқып, үйге тезірек қайтқым кеп барады. Бар ойым – кітапты оқу.

Алпыс бестің «ауыр жүгін» арқалаған күйі аяңдап, үйге де жеттім-ау... Кітаптың алғашқы бетін ашып қалсам, өлең күйінде де ән болып есіп тұратын Мұқағали Кенжетайұлының

«...сынақтан ауырсынбай,

Дос керек – өту үшін сағың сынбай!» деген жыр жолдары тұр. Жүрегім «дыз» ете қалды. Шынымен екен-ау!.. Талай сынқатерде жауабын таба алмаған ауыр сұрақтың өзгермейтін жауабы ғой – бұл!..

Әңгіменің әліппесі «Заһр» дұғасынан басталады. «Досқа адалдық – меніңше ешбір жағдайда қиянатқа қимау, көзге де, сөзге де ермеу, ештеңеге қарамай шын дос болу. Менің жақсы дұғаларым отбасымнан кейін досымның отбасына арналады», – дей жөңкіледі автор. Қатты тебірендім. «Бізге тағдыр дәл осындай кеңдік танытатын, ең жақсы дұғаларын сұратпай арнап, пәруана пейіл танытатын дос бұйырды ма?» деген үлкен сұраққа бір ұйып алдым…

«Өзінің әлеміне қамқор бола білген адам сіздің де әлеміңізге қиянат жасамайды. Жүрегі таза, мінезі жақсы адамдармен дос болып, сол мінездердің өзіңізге жұғатынын байқаңыз» деген ағалық ақыл да достықтың дегдар даналығы болып демімді терең тарттырды.

Сөйте келіп Бәкең

«...пайда, мақтан – бәрі тұл,

Доссыз ауыз тұшымас.

Жүрегі жұмсақ білген құл,

Шын дос таппай тыншымас», – деп келетін алып Абай жырына бір соғып, Әрекеңе ақ сырын «менің достығым өзіңізге аян ғой, көңілдің, сезімнің адамымын. Сәл қуансам, сәл мұқалсам сізді есіме аламын. Сөйлескім, бөліскім, сырласқым кеп тұрады. Сіз сөйлей де, тыңдай да, бөлісе де алатын жансыз. Барлық жақындықты сіздің көзіңізден іздеп тұрамын. Бұл тылсым – жаныңыздың жаныма жақындығы. Екеуіміз рухтары ұқсас әкелерден жаратылғанбыз-ау», – деп ақтарады.

Әбден ашылып, ақ жарылып алған соң автор досының портретін сөзбен салуға кіріседі. Әрекеңнің оқшау ойлар мен оқыс лебіздерден тұратын ой-өрісіне бір тамсана кетіп, оған «мұны ойлылардың өмірінде міндетті түрде кездесетін сапалы ерекшелік деп ойлаймын» деген анықтама береді. Расымен, кітап кейіпкері – әкімдігінен ақылдылығы асып түскен, сөз киесін өне бойына киінген, жан-жүйесіне жамылған жан ғой.

«Менің осы өмірде көзімнің жеткен жері азамат неғұрлым келісті, ірі жаратылыс иесі болған сайын, соғұрлым оның сөзі мен ісі салмақты, мазмұнды болатын сияқты» деп тағы терең тағылым түйдіреді.

Өткен күндерге де бір сапарлап алады: «Әрекеңді алғаш тойда көрдім. Бұрын естіп жүргеніммен, жақын танысу сәті түспеп еді. Қозы-Көрпеш екеуі сөйлесіп тұр екен. Сонда Әуезовтің «ер адамның сымбатының әсер-ықпалы әйел адамның дене сұлулығынан әлдеқайда әсерлі болады» деген сөзі ойыма оралды. Суреткердің эстетикалық көзқарастары әралуандығымен қызық қой. Мен ұлы жазушының пікірін білгенге дейін ер адамның дене сымбатының эстетикадағы аса мәнділігі туралы онша ойланбаппын. Шын мәнінде, Әуезов айтқан сөздің шындығына талай көзім жетті» деп ой ширкінді біраз қиырға жетелейді және.

Бойы аласа адамдар мен Алатаудай биік кісілердің арасындағы айырмашылықтың анық көрініп тұратыны сияқты, кескінін шебер Құдай әсемдеп салған жандардың бір артықшылығына бірнеше мағына үстемелеуі де ағайдың әдемілікке ынтызар болмысын аша салып тұр...

«Жігіттің сабыры – ақылының алдаспаны ғой» деген Бітілеу ақсақалдың сөзін келтіре отырып, кейіпкердің сабыр салмағына да бір тоқталады: «Әрекеңнің болмысынан дау-дамай, талас-тартысқа мүлдем араласпай, әрнәрсеге ақылмен біртіндеп араласып, өз ойын ашық жеткізетін сабырды көремін. Бірде әңгімелесіп отырғанда ол «Өмірде мені ренжіткен, көңілімді қалдырған адамның бәрін кешірдім. Енді олармен дым болмағандай аралас-құралас жүре беремін» деді. Мен оның жүзіне ойлана қарап қалыппын. Шынында мұндай сөздер үлкен жүректі адамның аузынан ғана шығады ғой. Менің ұлы ұстазым Зейнолла Қабдолов адамды сүйе білуді өзінің өмірімен дәлелдеп кетті. Ол ешкімді жек көрмейтін, жек көрсе де білдірмейтін. Мейірім шуағын төгіп тұратын. Адамдарды тек жақсы көруге, құлшына сүюге, жақсы комплименттер айтуға ғана үйретті»

Қандай биік ойлау, иә?!.

Әрекеңнің таңдауына тәнтілігін «мемлекеттің ұясы – ұлт болса, ұлтты құрайтын орнықты отбасылар. Әріп пен Салтанаттың отбасылық тағдырына деген таңданысым мен қызығушылығымды жасыра алмаймын. «Екі жақсы қосылмайды» деуші еді, қосылады екен ғой. «Екі жақсы қосылса, жанып тұрған шаммен тең» деген сөзді де екеуінің отбасында талай айттым. Мен кейде Салтанаттың мінезін шыбыны жоқ жазға теңеймін. Міне, Әрекеңнің ойлы таңдауы», – деп кестелейді.

Енді, автордың суреткер сөйлемдерінің әрбірін, дос өмірдің әрбір деталін жазбама қосқым-ақ келді. Бірақ, өйтсем, кітапты енді оқитын оқырман не істейді?!

Жалпы, кез келген қаламгердің дәрежесін биіктететін әдемі сөздер ғана емес, әуелі – әдемі ой. Әдемі ойдан ғана әдемі дүние туады. Автордың Әрекеңе деген көңілі нұрдан болғаны сол абыз Әбіш айтқандай, қазақтың бір-бірін құшақтағысы кеп тұратын бауырмал сөздеріне елітіп отырып, кітап соңына қалай жеткенімді білмей қалыппын.

Мұндай достық жазушының да, кейіпкердің де бағы, бақыты ғой. Жер жүзінде мұндай бақтан мақұрым миллион адам жер жастанып жатыр, онан өзге миллиардтаған тірі пенде дос таппай сенделіп жүр. Өзімізді де Хақ Тағала мұндай достықпен жарылқай қойды деп толық айта алмаспыз...

Осы кітапты оқыған күні Әрекеңді көргім келді. «Сіздей адам тағы қайда бар?» деп сұрағым келді. Бірақ, шын жақсылар көп болушы ма еді?!. Бәкеңнің бағына таласпайын дедім бе, әйтеуір, өзімді бастым!..

Құсни сөзімнің соңын екі үлкен тілекпен аяқтағым келіп тұр: әрине, әуелгісі – Бағдат ағамның ұзақ ғұмыры, кейінгісі – әрбір адамға жанына сәуле түсіретін Әріптей дос бұйырғай!

**Айман АЙТБАЕВА,**
**филология ғылымдарының кандидаты,**
**әдебиеттанушы**




| № | Сұрақ | Жауап |
|---|---|---|
| 1 | «e-Otinish» АЖ-де өтінішті қалай беруге болады? | «e-Otinish» жүйесіне тіркелуге өтінішті төмендегілер арқылы беруге болады:<br>1. eGov/eGovmobile сайты;<br>2. Aitu мобильді қолданбасы;<br>3. Қазақстан бойынша ХҚКО-дағы және әкімдіктердегі өтініш қабылдау орталықтары. |
| 2 | «e-Otinish» жүйесінен өзіңізге қажетті өңірдің әкімдігін тапқыңыз келе ме? | Ол оп-оңай! Келесі қадамдарды орындасаңыз жеткілікті:<br>1. Өтініш беру терезесін ашыңыз.<br>2. Меморганды іздеу өрісіне «әкімінің аппараты» тіркесін енгізіп, содан соң оның алдына қажетті өңірдің атауын жазыңыз.<br>3. Іздеу түймешігін басыңыз.<br>Одан әрі ұсынылған нұсқалар тізімі түріндегі іздеу нәтижелерін көресіз.<br>Қажетті әкімдікті тауып, жүгінуіңіз сәтті өтсін! |
| 3 | Өтініштерді қарау мерзімі қандай? | ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» бойынша өтініштерді қараудың өзінің заңдылығы бар.<br>Өтініштерді қарау мерзімі:<br>- қарау үшін ақпарат алу немесе талап етілмейтін өтініштер күнтізбелік 15 күн ішінде;<br>- ақпарат алу немесе тексеру талап етілмейтін өтініштер күнтізбелік 15 күн ішінде;<br>- қарау мерзімі ұзартылса өтініш берушіге күнтізбелік 3 күн ішінде хабарланады. Өтінішті қарау мерзімін басшы немесе оның орынбасары ұзартады.<br>Егер мәселе ұзақ уақытты талап етсе, өтініш бақылауға қойылады және өтініш берушіге күнтізбелік 3 күн ішінде хабарланады. |

## ӘКІМДЕРДІҢ ҚАБЫЛДАУЫНА ҚАЛАЙ ТІРКЕЛУГЕ БОЛАДЫ?

**ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің 90-бабының 1-ші тармағына сәйкес, Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауға міндетті.**

**Тіркелу үшін «e-Otinish» ақпараттық жүйесіне жазбаша өтініш жазып, тіркелуге болады. Кезегі келген кезде қабылдау күні алдын ала хабарланатын болады**



КӘСІП

# ЖЫЛЫЖАЙДА ЖАУҚАЗЫН ЖАЙҚАЛЫП ТҰР

Қазалылық Нұрбек Кешубаевтың жылыжайында жауқазынның 12 сорты гүлдеп тұр. Өңірде алғашқы болып жауқазын еккен бағбан голландиялық сорттарды жерсіндірген. Кәсіпкермен жылыжай ісі жайында кеңінен әңгімелескен болатынбыз.



Ол 2012 жылы өз қаражатына есік алдынан жылыжай салды. Онда үй гүлдері мен бау-бақша дақылдарын екті. Жылыжайды қалай күтіп-баптау керектігін терең зерттеді, ізденді. Ыстық-суыққа төзімді сапалы материалдарды пайдаланды. Тынымсыз еңбектің арқасында өнім молынан болып, жергілікті тұрғындарды көкөніс, гүлмен қамтыды.

Мұнымен тоқтап қалмай, төрт жыл бұрын тағы бір жылыжай салып, жауқазын егіп көрді. Иә, кәдімгі қызылды-жасылды жауқазын. Тек сырт елдерден тасымалданатын гүл енді өзімізде өседі. Нұрбек мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп, қажетті қаражатқа қол жеткізіп, ісін жалғастырды.

– Кәсіпкерлерге арналған қолдаудың арқасында екінші жылыжайды салдым. Ұзындығы 10 метр болса, ені 6 метр, оған тек жауқазын ектім. Көшетін арнайы Голландиядан алдырдым, бойы 10-12 сантиметр, гүлдеген кезде 60 сантиметрге дейін барады, 12-ден астам сорты бар. Күзде, қыркүйек айында отырғызамын. Бес айдан кейін, яғни көктемде гүлдейді. Қазір жылыжайға кірсеңіз, көздің жауын алатын жауқазындар гүлдеп, хош иісі аңқып тұр.

Дегенмен бұл істі қолға алғанда оңай болмады. Бірден жайқалып кетті деп айта алмаймын. Қаншама іздендік, аса күтімді қажет ететіндіктен бабын табуға тырыстық. Шүкір, еңбек еш кетпеді. Төрт жылдан бері жауқазын жайқалып өседі. Жоғарыда айтқанымдай, жылда қыркүйек айында егемін, ерте көктемде дайын болады. Наурыздағы мерекелер қарсаңында тапсырыс берушілер көбейіп, саудаға шығарамын, – дейді бағбан.

Кәсіпкердің әкесі агрономия саласын жетік меңгерген маман. Талай еңбектерді, зерттеулерді, кітаптарды жинапты. Білген-түйгенін қойын дәптерге түртіп қоя берген. Сол дүниелерді өз ісіне тиімді қолданды.

– Жауқазынды жерсіндіру оңай болмады. Көшет егіліп, өнім алынғаннан кейін, жер тыңайтылады. Негізінен табиғи тыңайтқыш қолданған дұрыс. Мен төрт түліктің қиын кәдеге жаратамын. Бір жағынан табиғи, құрамында ешқандай химиялық қоспа жоқ. Гүлдің арнайы дәрумендерін де уақытылы беру маңызды. Әкемнің жинаған кітаптары мен жазған еңбектерін ерінбей оқып шықтым. Соның арқасында өсімдік өсіруді меңгердім, – дейді ол.



Қазір жылыжайда қызу тіршілік. Гүлдеген жауқазындар аз күнде тапсырыс берушілерге жөнелтіледі. Мұнда маусымдық уақытта 8 адам еңбек етсе, 3 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Бір жағынан отбасылық кәсіп деуге де болады. Шаруаға кәсіпкердің анасы, жолдасы және балалары да қолғабыс етеді.

– Жыл сайын гүлді тұрақты тұтынушылар алады. Арал, Қазалы, Қармақшы ауданынан бөлек, кейінгі кезде қаладан тапсырыс берушілер көбейді. Бағасы да қалтаға қонымды. Сырттан келетін гүлдердің бағасынан әлдеқайда төмен. Гүлдің қызыл, сары, күлгін, көк, ақ түрі бар. Бірінің хош иісі болса, кейбірінде иіс болмайды. Тағы бір ерекшелігін айтайын, жылыжайды суару үшін ауладағы құдық суын қолданамын. Қызығы, құдық бір жарым ғасыр бұрын қазылған. Кезінде көрші, жақын ауыл-аймақтың бәрі де осы құдықтан су ішкен. Аталарымыз жөндеп, қайта қалпына келтіріп отырғандықтан осы уақытқа дейін суы тартылмаған. Ауыл адамдары киелі құдық дейді, әлі де тұтынады. Құдық суын арнайы бөшкелерге жинап, тамшылатып суару әдісін қолданамын, – дейді ол.

Нұрбектің әлі талай тың жобалары бар. Кәсібін жандандыру үшін іздене бермек. Жақында жылыжайда лимон, папайя, банан сынды тропикалық жеміс-жидек өсіретін кейіпкер туралы жазған болатынбыз. Енді міне, әлемге белгілі голландиялық жауқазынды жерсіндірген кәсіпкер туралы білдіңіздер. Бастысы, гүл мен жемістің қайда өсетіні маңызды емес, еңбек еткеннің еңсесі көтерілетіні белгілі.

**Сара АДАЙБАЕВА,**
**«Сыр бойы»**



# ӨЗ САЛАСЫНЫҢ ОЗЫҒЫ



Өткен дәуірдің адамдары туралы айтқанда, олардың жүріп өткен жолында кездескен қиындықтарды қалай жеңгеніне қарап қайсарлығын, білімге құштарлығына қарап табандылығын байқаймыз.

Сырдария ауданының қазіргі Абай, бұрынғы Жыңғылдыкөл ауылында 1923 жылы туған Әлихан Шәріповтің балалық шағы ел басына қатер төнген қуғын-сүргін кезеңімен тұспа-тұс келді. Күнделікті мал-жанының қамын күйттеп қана жүрген әкесі Шәріпті 1929 жылы Кеңес өкіметіне қарсы шықты деген жаламен ОГПУ тұтқындап, 1931 жылдың 25 ақпанындағы үштіктің үкімімен ату жазасына кескен. Өкіметке қарсы шыққаны еш дәлелденбесе де, бостан-босқа күйіп кетті.

Әкесі тұтқындалғанда небәрі 6 жастағы балада не қауқар болушы еді? Ел ішіндегі дүрбелеңнің зардабын тек атылғандар ғана емес, әйелдер мен балалар да тартты.

Әлихан алдымен анасының қарауында қалды, сосын балалар үйінде тәрбиеленіп, жетіжылдықты бітірді. Оқуға деген талабы зор болғанымен, жағдайы жоқ. Жалғыз бұл емес, жан-жағының бәрі өзі сияқты жоқ-жітік, жетім-жесір. Амалсыздан нан табатын жұмыс істеуге мәжбүр болды. Қызылорда қалалық халық сотының іс жүргізушілігін, одан кейін сот отырысының хатшылығын атқарды.

Майданға аттанғанмен денсаулығы жарамай, елге, сол бұрынғы жұмысына оралды. Сот орындаушысы, халық соты болып қызметін жалғастырды. Кейін 1946 жылы Әділет министрлігінің Қызылорда облысы бойынша басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарып жүргенде шыққан тегін, әкесінің қылмысын жасырды деген желеумен партиядан да, жұмыстан да шығарылған. Әкесінің қып-қызыл жаланың құрбаны болғанын кімге дәлелдемек? Бірақ көп ұзамай ақтың оты қайта тұтанды. 1957 жылы үштіктің үкімі жойылып, жазықсыз жапа шеккен әке аты ақталды. Жала жабылғаны дәлелденіп, облыстық сот қозғалған қылмыстық істен дәлел таппады.

Әлихан Шәріпов заңгерлік мектепті бітіріп, Қызылорда қаласындағы түрлі мекемелерде заң кеңесшісі, облыстық соттың мүшесі болды. Айналасы оның сот ісіндегі бай тәжірибесін, халық сотындағы тексеру жұмысын жетік білетінін, жауапкершілігі мен іскерлігін жоғары бағалады. Ол қараған қылмыстық, азаматтық істердің ешқайсысы кері қайтарылмаған екен.

Тәжірибе өз алдына, бірақ білім толықтыру, жаңа дәуірдің ағымына ілесу үшін оқу керектігін жете түсініп, Ташкенттегі Орта Азия университетінің заңгер мамандығына түсті. Осылайша туған жердегі сот саласындағы еңбегі облыстық сот төрағасының орынбасары лауазымына дейін өсті.

Ә.Шәріпов 1960 жылы Қазақ ССР Жоғарғы сотының мүшесі, ал 1974 жылы Жоғарғы сот төрағасының орынбасары болып сайланды. Еліміздегі кәсіби біліктілігі жоғары заңгер маманның бірі болғандықтан, қызмет жолында жоғары өрледі. Өз заманының заңдылығын, адам құқығын қорғауға, құқық қорғау органдары мамандарын даярлауға үлес қосты.

Ол 1982 жылы 60-қа толмай дүниеден озған. Көзкөргендердің естелігіне қарағанда, іскерлігімен, өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін табандылығымен, адамдарға ілтипатымен ерекшеленген жан болыпты. Қызметтестері үлкенді аға, кішіні іні тұтқаны, айналасына қамқор, тілеулес болғаны үшін сый-құрметке бөлеген. Жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттерімен, мінсіз беделі және мол тәжірибесімен есте сақталған.

Ол «Құрмет белгісі» орденімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Әділдік пен турашылдықтың жаршысы, мәдениет пен парасат иесі, мемлекет, заң, ар мен ождан мүддесін бәрінен жоғары қойған Әлихан Шәріповтің есімі бірте-бірте ұмытылып барады. Бұл – уақыт заңдылығы шығар, бірақ еліне ерен еңбек сіңірген жандардың аты ұрпақ жадында жаңғырса, жарасымды емес пе?

**Мұрат ЖҮСІПОВ,**
**Ішкі істер органдарының ардагері**

«Сыр бойын» ақпараттық агенттігінен де (сайттан) оқыңыз




ЖАРНАМА БӨЛІМІ
70-00-52
E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі *(сенбілік екі нөмір)* күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 21093 Тапсырыс №299 | Кезекші редактор **Ержан ҚОЖАС**